

ҚЫЗЫЛОРДАДА ТОҚАЕВ ТАПСЫРМАСЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№44
(1747)
31 қазан
2024 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжамыт Ақшамы Газеті

ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІНІҢ ЖАРТЫСЫ - МҰНАЙГАЗ САЛАСЫ

Қызылордада «Оңтүстік Торғай, Шу Сарысу бассейндері көмір-сутектерінің ресурстық базасын дамыту және кен орындарының мұнай деңгейін арттыру перспективасы» тақырыбында ІІ Қазақстан CNPC техникалық семинары өтті.

Жиынға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов, Энергетика вице-министрі Арымбек Құдайберген, қытайлық «СНПС» компаниясының вице-президенті Чжан Дао-вэй қатысты.

Басқосуда аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев семинарға қатысушыларға сәттілік тілеп, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мұнай компанияларының үлесін атап өтті.

Бүгінде игерілген кен орындарының көпшілігі өндірістің соңғы сатысына шыққан. Қолданыстағы мұнай кеніштерінің табиғи сарқылуына байланысты 2013 жылдан бері мұнай өндіру көлемі шамамен 65%-ға қысқарды. Сондықтан, өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы өңір экономикасын өртарпапандыру жұмыстары қолға алынды. Осылайша мұнай қорының сарқылуы салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі өткен жылдың қыркүйек айынан бастап оң динамикаға шықты.

Саланың дамуы отандық мұнай-сервистік компаниялардың дамуына жол ашты. Аймақта қалыптасқан мұнай-сервистік бел-

деу қаншама отбасының осы саладан табыс табуына мүмкіндік беруде.

Бүгінде мұнда 10 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Жалпы алғанда облыстың өнеркәсіп өндірісінде мұнай-газ саласының үлесі шамамен 50%-ды құрайды.

Өңдеу саласындағы өсу қарқыны бойынша облыс 2022 жылы республикада 11-орында болса, биылдан бастап бірінші орында.

Экономика салаларында, әсіресе инвестиция тарту, құрылыс салу, сауда айналымы, көлік қызметі, ауыл шаруашылығында жүргізілген жүйелі жұмыстардың арқасында бүгінде облыс экономикалық даму қарқыны бойынша өңірлер арасында көшбасшы. Мұнай компаниялары аймақтағы бірқатар әлеуметтік мәселелер мен жобаларды шешуге қолдау көрсетуде. Соңғы 10 жылда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына 17 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлі.

Кездесу соңында облыс әкімдігі, ҚР Энергетика министрлігі, «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы сұйытылған мұнай газын өңдеу қондырғысының жылдық қуаттылығын 2025 жылдан бастап алдағы 10 жыл ішінде 120 мың тоннаға дейін арттыруға бағытталған ұшжақты меморандумға қол қойды.

МОПЕД ЖӘНЕ САМОКАТ: ЖОЛ ҮСТІНДЕ КӨП АПАТ

Соңғы жылдары шаһар көшелеріне маза қашты. Көше түгілі, жаяу жүргіншілер жолы, аядай шағын аудандардың арасындағы тар жолдардан да дарылдаған мопедтер мен скутерлерден аяқ алып жүре алмайсыз. Тәулік бойы тыным таппай жарыса жүйткіген скутерлер Қызылорданы Үндістан мен Қытайдың қалаларына, иә болмаса құжынаған құмырсқаның илеуіне айналдырып жібергендей. Ең өкініштісі, «тенгек» техниканың кесірінен көп апаты жиілеп, «өлімге» асыққан өрімдей жастардың қатары артып келеді.

Қазіргі таңда 16 жасқа толған, тіпті толмаған да әрбір жастың екеуінің бірінің астында скутер немесе мопед кездесіп жатады. Әрине, жүргізуші құжаты және өзге де ресми қағаздары қажет емес екі аяқты көлікті жүргізу оңай. Алайда, скутерлердің қатысуымен болған жол апаттарының саны өскеніне қарап, жол сақшылары дабыл қағуда. Бүгінде көздің жауын алатын, бағасы қарапайым халыққа әлдеқайда қолайлы, еңкейген қариядан еңбектеген балаға дейін қызығып тұратын электр самокаттар мен скутерлердің саудасы қызып, дәурені жүріп тұр деп айтуға болады.

Мопед тізгіндегендердің салғырттығынан елімізде былтыр жол апатының саны айтарлықтай артқан. 2023 жылы осы көлік құралына қатысты 750 жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Соның салдарынан 39 адам көз жұмып, 730 адам жаракат алған. Ал биылғы 6 айлықтағы көрсеткіш жаға ұстағанда, 542 жол апаты тіркеліп, салдарынан 27 адам қаза тапқан болса, 577 адам жаракат алыпты. Осы 577-нің ішінде мүгедек болып қалғандары да бар. Жыл басынан бері мопед жүргізушілерінің қатысуымен 31 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталған. Бұл салыстырмалы сандар тек мемлекеттік жүйені, құқық қорғау органдарын ғана емес, тұтас қоғамды алаңдатуы керек.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов мопед тізгіндегендер жол үстінде жиі апатқа ұшырайтынын айтып, Ішкі істер министрлігіне бақылауды күшейтуді тапсырған еді. Сол тұста: - Жуырда «Мопед мәселесі уайымға айналды» деген мақаланы оқып шықтым. Сонда көрсетілгендей биылдың өзінде мопедтердің қатысуымен болған апатта 27 адам қаза тапты. Маскара дерек. Осы мәселені қалай шешіп жатырмыз? – деп сауал жолдады Премьер-министр.

Ал Ішкі істер министрі Ержан Сәденов мұндай мәселенің бар екенін жасырмады. - Көбіне мопедті басқаратын жасөспірімдер мен куырерлер. Қазіргі таңда заңнамалық шараларды қабылдап жатырмыз. Бірінші – бүкіл мопедтерді тіркеу жұмысын жүргізу. Кейін мемлекеттік нөмір беріледі. Яғни, көлік құралын жүргізу үшін куәлік қажет болады. Қазір заң жобасы Сенатта қаралып жатыр, – деген жауап қайтарды Сәденов.

Ведомства басшысының дерегіне, осы уақытқа дейін 39 мың жүргізуші анықталып, жазаға тартылған екен. - Оның ішінде 202 азамат көмелетке толмағандар. Олардың ата-аналары жауапкершілікке тартылды. Жол ережелерін ересек бұзғаны үшін арнайы орынға 5 мыңнан астам мопедтер қамалды, – делі ІІМ басшысы.

Күнделікті өмірде жол бойындағы көріп жүргеніміз – мопед иелерінің жол ережелерін сақтамауы. Ал соның соңы апаттарға әкеліп жатыр. Адам шығыны да айтарлықтай көп. Баласының көрсекызарлығына көніп, көңілін жыққысы келмеген талай ата-ананың баласын жоқтап, «боталап» қалғандарын көрсен қосыла егілгіп келеді.

Бұл саладағы тағы бір өзекті мәселе – айыппұл. Яғни, бұзушылықтар үшін жүктелген жауапкершілік мардымсыз. Сондай-ақ, адам өміріне зардабын тигізген көлік қатынас құралына қатысты ешқандай жауапкершілік көзделмеген. Осы мәселеге қатысты қолданыстағы заңнаманы сөйлесек, ең бірінші ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің мен Жол жүрісі қағидалары алдымыздан шығады. Яғни, мопед тізгіндеген заң шеңберінен шығатын болса, кодекстің 596, 612, 615-баптары бойынша әкімшілік жауапқа тартылады екен. Сонымен қатар 44-бап бойынша қос аяқты көлікті қоғамдық орында масан күйде тізгіндегендер бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл арқалайды. Яғни, ӘҚБтК 620 бабы бойынша, айыппұл 3 АЕК, бұл 11 мың теңге ғана.

Ендігі кезекте Мәжіліс депутаттарының бастамасымен оларды міндетті мемлекеттік тіркеуге алып, А1 санатындағы жүргізуші куәлігін беруді енгізу ұсынылып отыр.

Еске салсақ, биылғы Мәжілістің мамыр айындағы кезекті жалпы отырысында «Жол жүрісі туралы» заңға және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске көлік құралдарының жекелеген түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша енгізілген заңнамалық түзетулер екінші оқылымда қабылданған. Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы Екатерина Смышляеваның баяндамасын бақыласақ, мопедтерді тіркеудің жаңа талаптары заңға қол қойылған соң 6 айдан кейін күшіне енеді. Осы уақыт мопедтерді «заңдастыру» үшін берілген.

Сондай-ақ, тізгіндеушілер жол қозғалысының толыққанды қатысушыларымен теңестірілу үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте тиісті өзгерістер енгізіледі. Мопедтерді басқару үшін азаматтар уәкілетті органда міндетті тіркеуден және жыл сайынғы техникалық байқаудан өтеді. Оның үстіне азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды рәсімдеуі тағы бар.

Мопед жүргізушілері де автокөлік тізгіншілері секілді жауапкершілікке тартылады. Бұрын жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін олар басқасына қатысушылар секілді ӘҚБтК-

нің 315 бабына сәйкес 2 АЕК мөлшерінде айыппұл алатын. Ал біз айтып отырған ереже қабылданатын болса автокөлік жүргізушілері секілді оларға да барлық жауапкершілік жүктелмек.

Қалада арнайы жаяу жүргіншілер жолы қарастырылған. Алайда «жолы таусылғандық» таңғатын кейбір тізгіншілер тұрғындардың арасынан зулап өтіп, тіпті ескерту дабылсыз көпіршіктің құтын қапшырады. Олардың арасында күнөкіріс қамы үшін жүрген тапсырыс жеткізушілерден бөлек, алысты жақындастып, дйттеген жеріне жету үшін қос дөңгелекті көлікті пайдаланатын балалар да бар.

Қызылорда қаласының тұрғыны Серік Ғаббасов көшедегі жылдамдықты асыра айдайтын мопед пен самокат тізгіндеушілердің қатарынан жасөспірімдерді жиі байқайтынын айтып, алаңдайды. Ол жастарды желіктірген құрылғы өзгеге зияны тимесе екен дейді.

- Жекө өзін сақтық шараларын ескере отырып, мопед пен самокат секілді көлік түрлерімен жол қысқартуға тырыспаймын. Қазір қаламызда болған небір жағдайларды естіп, көріп отырмыз. Жаңалықтардағы осыған қатысты ақпараттан көз сүрінеді. Бірде жаяу жүргіншілерге арналған жолда келе жатсам, қасымнан 2-3 жасөспірім мопед пен самокатты үлкен жылдамдықпен айдап өтеді. Сан түрлі жайсы жағдайлардан кейін олардың өміріне алаңдаймын. Кейде өздеріне «ақырын жүріңдер» деп ескерттім, – дейді ол.

Осы ретте тағы бір маңызды мәселені атап өткеніміз жөн. Тұрғындар мопед жүргізушілеріне ескерту айтса, кейбірі құлақ аспайтынын, тіпті ескертуіне кері жауап қайтарып, жұдырық сілтеуге дейін баратын мопед тізгіндеушілердің барын жасырмады. Осында бірер уақыт бұрын, дәлірек айтсақ, 15-і шілде күні Алматыда мопед жүргізушісі өзіне ескерту айтқан әйелді ұрып жібергені туралы бейнежазба әлеуметтік желіде тарағаны есімізде. Қазір аталған оқиғаға қатысты қылмыстық іс қозғалып, әйелге қысым көрсеткен мопедші іздестіріліп жатыр.

Ал Қызылорда қаласындағы жағдай қалай? Қолға тиген мәліметтерді сөйлесек, биыл мото және скутерлердің қатысуымен 108 жол апаты орын алған. Салдарынан 4 адам қаза болып, 20 адам жаракаттанған. Ал есепті мерзімде олардың жүргізушілеріне қатысты 1313 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама рәсімделген. Сондай-ақ, көлік басқарған 68 жасөспірімнің ата-анасына шара көрілген.

PS. Мопед мініп, қала көшелерінде дөлекесі қозып, желігіп жүрген кей жастардың кесірі көлікті тақымдан, кәсіппен айналысып жүрген жандарға да тиіп жатыр. Тұрғындар талабы – осы құрылғыларға тиісті шаралар көріліп, заң аясында қатаң ескерту жасау. Жоғарыда осыған қатысты заң жобасына тоқталсақ, бірақ оның алда қалай жүзеге асатынын сіз бен бізге беймәлім...

Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ

Статистикалық деректерді сөйлетер болсақ биылғы жылдың 1 қыркүйегіне Қызылордадағы адам саны 845,4 мыңға жетті.

Енді тағы бір дерек келтірер болсақ осы жылдың қаңтар-қыркүйегінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі бүгінгі бағамен 807 117 млн. теңге болған. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, өндіргеніміз былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2%-ға артық. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 147521,5 млн. теңге болған. Бұл да салыстырмалы түрде алғанда өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 103,8%-ды құраған. Бізге де керуі өнеркәсіп өнімінің көлемінің, оның ішінде облыс тұрғындарының жарыдан астамы ауылда тұратындықтан ауыл шаруашылығы өнімінің көбейгені. Өйткені өңірдегі 845,4 мың адамның қолайлы тұрмысы, ол үшін табатын табысы, бар жағдайы осыған байланысты. Өнім шығаруды көбейтсек, елдің жағдайы жақсаратыны анық.

Жақсы көрсеткіш – өңір рейтингісі ғана емес, сырбойлықтардың өмір сүру сапа деңгейі де. Көп айтылатындай “Еңбек етпеген ішіп жемейді”. Халықтың жағдайын жақсарту үшін сол халықтың табысын арттыру керек деп, Мемлекет басшысы әр Жолдау, әр Құрылтай сайын Үкіметке, әкімдерге тапсырып келеді.

Тағы да деректерді сөйлетер болсақ, биылғы жылдың 1-ші жарты-жылдығына жалпы өңірлік өнім көлемі бүгінгі бағамен 1300,4 млрд. теңге болған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жалпы өңірлік өнім 5,5%-ға артқан. Осы өнімнің 39,9%-ы тауарлар болса, 53,1%-ы қызметтерге тиесілі екен. Демек, өнім көлемі артып тұрса, оны өндіретін жұмыс орындары мен жұмысшылардың да көбейгені анық. Бұл сөзімізге облыстық статистикалық департаментінің “тіркелген заңды тұлғалар саны 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 11 428 болды, немесе өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,4%-ға көбейді. Облыста тіркелген шағын және орта кәсіпкер саны 8768-ге жетіп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6,7% көбейді” деген мәліметі дәлел.

Сөз ретінде айта кетейік биылғы маусымның 25-інде тұрақты жұмыспен қамту шаралары қамтылған Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Қызылорда облысы халықты тұрақты жұмысқа орналастыру бойынша республикада үздік үштікке енгенін атап өтіп, «Жыл басынан бері елімізде 288 мыңнан аса азамат жұмыспен қамтылды. Оның 16 мыңға жуығы ұлттық жобалар мен салалық тұжырымдамалар аясында ашылған жұмыс орындарына жолдануда. Бұл ретте, «Өңірлік жұмыспен қамту карталарында» жоспарланған көрсеткіштерге көл жеткізген Абай, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарын атап өткен жөн» - делі.

Министрдің мақтағанындай Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орын құру» тапсырмасы бойынша, ұлттық жобалар мен концепциялар шеңберінде жаңа жұмыс орындарын ашу үшін аймағымызда “Өңірлік жұмыспен қамту картасы” қабылданған, сол маусымдағы ақпарат бойынша осы тарта аясында 21 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылған. Бұған тоқмейілісіп, тоқтап қалған әкім жоқ. Сол жынынан кейін аймақ басшысы Н.Нәлібаев іле-шала өз жынын өткізіп, облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасына өңірлік картадағы жоспарды 100 пайыз орындауды, жұмыссыздық деңгейін тұрақты бақылауда ұстауды, субсидияланған жұмыс орындары мен өз кәсібін ашуға қайтарымсыз грант алғандарға мониторингті күшейтуді тапсырды.

Нәтижесін алдағы жыл басында көрерміз деп жүргенде күні кеше Астанадан тағы бір жақсы хабар келді. Өңдеу өнеркәсібінің екі экономикасындағы үлесін талдаған Үкімет жиынында белгілі болғанындай Қызылорда облысы шағын және орта кәсіпкерліктің өнімі бойынша алғашқы үштікке енген. Үкімет отырысынан кейін арнайы мәжіліс өткізген облыс әкімі Н.Нәлібаевтың өз сөзімен айтар болсақ, “Биыл жеке кәсіпкерлердің 3 мыңға жуық жобасына 42 млрд. 500 млн. теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілген. Сондай-ақ өткен жылдың қорытындысымен жас кәсіпкерлердің бастамасына несие беру бойынша Қызылорда облысы елімізде екінші орынға шыққан”. Жастарға берілген несие арқасында 500-ге тарта жас өз кәсібін бастағаны әрине, өңір үшін аз көрсеткіш емес.

Ауылдықтары басым біздің өңір үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеудің орны бөлек. Бұл тарапта да Қызылорда өңірлік инвесторталығы арқылы ауыл өнімдерін өңдеуге 1 млрд. 500 млн. теңге қаржы бөлінген.

Әлгі айтылатындай елге жақсы атты көрініп, “балық үлестіргенше” мақтамаса мақтамай-ақ қойсын, “сол балықты аулайтын қармақ берген жақсы”. Ресми ақпарат бойынша биыл облыстық бюджеттен атаулы көмекке 5 млрд. 900 млн. теңге қаржы бөлінген. 9 айдың қорытындысымен 31869 адамға 2 млрд. 100 млн. теңге төленген.

Масылыққа ақша бөлгеннен гөрі сол ақшаны кәсіп істеймін, өнім өндіремін дегенге бергеннің өзекті екені рас.

Өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлік өнімінің 33,6%-ға ұлғайып, аймақтың еліміз бойынша үздік үштікке көрінуінің бір сыры осы бағыттағы осындай жүйелі жұмыстардың, қаржыны мақсатты нәтижеге жұмсаудың арқасы.

Ресми деректерді тағы да сөйлетер болсақ, алдын ала деректер бойынша биылғы жылдың қаңтар-тамызын қамтыған сегіз айында ЕАЭО елдерімен өзара сауда 172,1 млн. АҚШ доллары болыпты. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,3 есе көп екен. Оның ішінде сыртқа шығарғанымыз ішке кіргізігенімізден көп. Нақтылан айтар болсақ 129,4 млн. АҚШ долларын құраған экспорт былтырғыдан 4,4 есе көп. Ал импорттымыз 42,7 млн. АҚШ доллары болған.

Демек, өндірген өнімді сыртқы саудаға да шығып жатыр. Ал, сыртқы сауда өнім өндіруді көбейтер сөзсіз. Өнім көлемі көбейгенімен қатар өнім бағасының жоғарылауы да елдегі ағайынның табысын арттырып, тұрмысын түзейтіні анық.

Табыстың артып, тұрмыстың түзелгенін ауыл-қаладағы салынып жатқан құрылыстар, жеткізіліп жатқан инженерлік жүйе, инфрақұрылым арқылы да байқауға болады. Токсан сайынды былай қойғанда қызыл-ордалықтар ай сайын баспана тойын тойлайды. Ауыл, қаладағы үйлерге жарық, су, газ беруді таратып айтар болсақ:

Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында облыс бюджеті 744 млрд. теңгенден асты. Екі жыл бұрын 364 млрд. теңге болатын.

Аймақта 43 млрд. теңгеге 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары мен көпір өткелдері жөндеуде. Соңғы үш жылда жөнделген жол 1271 шақырымға жетті. Осылайша жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады.

Электр энергиясымен қамту бағытында 2022 жылдан бері 18 млрд. теңгеге 70 жоба іске қосылды. Биылдың өзінде 11 млрд. теңгеге 38 жоба қолға алынды. Бұл тозған желілерді 72-ден 62 пайызға төмендетеді.

Облыста 30 млрд. теңгеге 11 елді мекен (Сексеуіл және Төретам кенті, Абай, Ақсу, Шәменов, Сейфуллин, Тоқмағанбетов, Алмалы, Досбол Датқа, Бестам, Төменарық ауылдары) газдандырылуда. Осы жұмыстар аяқталғанда өңірді газбен қамту көрсеткіші 75-тен 78 пайызға жетеді.

Елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтуда 2022 жылдан бері 16 млрд. 800 млн. теңгенің 55 жобасы жүзеге асты. Жыл соңына дейін көрсеткіш 98,1-ден 98,6 пайызға артты. Келесі жылдың соңында облыстағы барлық елді мекенге орталықтандырылған ауыз су қосылады.

Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар шеңберінде қаржыландырудың барлық көзінен биыл 863900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. 2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді.

“Болат Өтемұратов қорының” демеушілігімен Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынды. Жерлестіріміз үшін бұл – өте маңызды жоба. Жақын арада ел игілігіне табысталады. Қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Нысан келесі жылы қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту жобасы оң шешімін тапты. Ол бойынша 623 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су қосылады.

Кешегі Республика күніне орай өткен салтанатты жиында сөз сөйлеген облыс әкімі Н.Нәлібаев осылай делі...

С.БИХОЖА

4-5 бетте

ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ - ЗЕЙНЕТІ

Өсілінде, адам баласы тағдыр көкжиегінде екі нәрседен шалыс баспау керек десеңі. Алғашқысы мамандық болса, екіншісі жар таңдауда. Иә, құлаққа да үйреншікті төмсіл сөзді көпшілік білгенімен түбіне тереңірек үңіле бермейтіндері де, немесе қателікке кезігетіндері де

жылдары «Петро ҚазақстанҚұмкөл ресурс» акционерлік қоғамында ұңғымадағы күрделі жерасты цехында да саладағы күрделі әрі жауапкершілігі мол жұмыстарды абыроймен атқара білді. 2001-2003 жылдары ҚР «Поиск нефть газ» мекемесінде ұңғымадағы күрделі жерасты жұмыстарының

алғысын білдіру мақсатында көбірек қолданылатыны да жасырын емес. Алайда, өзі еткен еңбегін ешкімге міндет етпей, жүктелген жұмысты сапасы былай тұрсын, өз қалпынан асыра орындайтынын да айтпай кетуге болмас. Содан да болар, ол туған-туыстың ғана емес, өзі қызмет атқарған әр мекеме не министрлік, өзге де лауазым иелері тарапынан да үнемі Алғыс алып келеді.

Мәселен ҚР энергетика министрі Н.Ноғаявтың «Қазақстан Республикасының Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесіне орай кәсіби қызметте жеткен жоғары нәтижелері үшін Алғыс хатпен және Қызылорда облысының өкімі Г.Әбдіқалықованың Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, оған «Қазақстан мұнайына-120 жыл» төсбелгісімен және «ҚОР» мұнай компаниясының «Үздік қызметкер» төсбелгісі табыс етілген. Бұл сөзге арқау етілген жетістіктің бір бөлігі болып табылады. Әйткенмен, оның ойынша өмірдегі басты жетістігі – отбасы.

Жоғарыда атап өткендей, ол қызметтен тыс қателеспеген екінші таңдау – жар. Болашақ ұрпағының бойынан жақсылық атаулыға бағытталған ізгі қасиеттерді көргісі келіп, өмірлік серігін таңдарда қателікке бой алдырмауды да басты қағида еткен тұлға. Жары Бибіхатша екеуі еліміздің батысында қол ұстасып, жұбайлық өмірге бірге қадам басуға сертескен. Олардың шаңырағына биылғы қарашада 35 жыл толуда. Тәубе, екі ұл мен қызды өсіріп, әрбірін қатарға қосып, ата-аналық міндеттерін орындап, бүгінде немерелердің төтті қызыларына куә болуда.

Міне, біз сөз еткен тұлғаның өміріне тиесілі таразы басы тең. Жалындаған жастықта таңдау түскен екі құндылық оны өмірдегі бақытты да қуанышты сәттеріне куә болуға негіз болып келеді. Бүгінде бейнеттің зейнетін көретін жасқа да жетті. Ол үшін берекелі ғұмырдың басы енді ғана басталуда деп айтуға негіз бар. Неге десеңіз, еңбек жылдарын арқа тастап, ендігіде жұбайымен бірге ел аралап, ұрпақтың қуанышы мен қызығына қол болатын толыққанды бақытқа ие болуда.

Абырой биігінен көрініп, есепсіз әрі себепсіз жұмыстан қалмайтын қатаң тәртіп иесіне алдағы уақытта бейнетінің зейнетін, еңбегінің жемісін көруді бұйыртысың! Бастысы, оған тиесілі бақ пен бақыт баянды болып, отбасы құндылығы қуанышқа кенелте берсін!

Айдана Қалымжанқызы
ӘЛИАРЫСТАН



жоқ емес. Алайда, екі таңдауда да сәттілік серік болып, өмірінің басым бөлігін бір салаға арнап, жұмыста да тұрақтылықты ұстанып, еңбегінің наным төтті күйінде жеген бақытты жандар да аз емес...

Солардың бірі – таңдауы да, қалауы да мұнай саласына бағытталып, аталған салаға 40 жылға жуық уақытын арнаған Мамбетов Рахмет Тұрсынбайұлы. Өзбекстанның Мойнақ қаласында дүниеге келген. Ол 1979-1981 жылдары Совет армиясында әскер алдындағы борышын өтеді. Еңбек жолы 1982 жылдан басталып, «Өзенмұнай» мұнай және газ өндіру цехының 3-ші разряд оператор қызметінен 6-шы разряд оператор сатысына дейін жоғарылады. Сондай-ақ, 1992-1996 жылдары «Өзенмұнай» мұнай және газ өндіру цехында шебер қызметін атқарып, 1996-1998 жылдары Оңтүстік мұнай-газ акционерлік қоғамының Ұңғымадағы күрделі жерасты жұмыстарының ұңғымаларды химиялық өңдеу жөніндегі операторы қызметін атқарды. Төменнен төбеге бағытталған баспалдақ секілді қызметтің сатысы елеген еңбектің нәтижесінде бір бағытпен шектелмеді. Мәселен, ол 1998-1999 жылдары Оңтүстік мұнай-газ акционерлік қоғамының Ұңғымаларды химиялық өңдеу бағыты негізінде және 1999-2001

уақасында да жауапты маман ретінде өз міндетін орындады. Одан бөлек 2005-2008 жылдары «Ащысай» кең орнында мұнай және газ өндіру цехы мен 2008-2010 жылдары «ВИС» Жауапкершілік шектеулі серіктестігінде өз ісінің білгірі атанды. Жұмысқа деген жауапкершілік пен сауаттылықтан болар, 2010 жылдан бастап «ҚОР» Мұнай Компаниясы» акционерлік қоғамында ұңғымадағы күрделі жерасты жұмыстарына тікелей жауапты қызметкер ретінде белгілі.

Қара алтынды өндіруге бағытталған жұмыстар мамандар үшін жауапкершіліктен тыс, ізденімпаздық пен сауаттылықты, тиянақтылық пен білгірлікті талап ететіні ақиқат. Себебі, бұл білдей бір мекеменің ғана емес, кең орнында ел байлығын сапалы түрде өндіруге тікелей атсалысу болып табылады. Рахмет Тұрсынбайұлы жұмыс бабындағы өзіне жүктелген міндетті мезгілге қарамай орындап, қызметтің сынға толы әр сағатын абыроймен атқара білген кәсіби маман бола білді.

Айта кетерлігі, есімі елдің алғысқа бағытталған сөзімен тікелей байланысты болғандай, оның «атына заты сай» деген теңеуге лайық екенін жақындары жоққа шығармайды. Үнемі елдің алғысына бөленіп, ел оған Рахмет сөзін қаратпа мағынада емес,

КІРІС ИНФЛЯЦИЯДАН КӨП

2024 жылдың 9 айында қазақстандықтардың таза инвестициялық кірісі шамамен 2,09 трлн теңге болды. Өткен жылдың сәуірінен бері көрсеткіштен ол 716,3 млрд теңге немесе 52,3% артық.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен салымшылар мен алушыларға 2,08 трлн теңге мөлшерінде инвестициялық кіріс түсіп, 1,85 трлн теңге болатын осы жарналар көлемінен асты.

Тек 2024 жылдан бастап аударыла бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша таза инвестициялық кіріс 9,06 млрд теңге болды. Жарналардың бұл түрінен қалыптасқан жинақ көлемі –160,6 млрд теңге.

2024 жылдың 9 айында БЖЗЖ-дағы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан, ҚР Ұлттық Банкі басқаратын зейнетақы активтерінің кірістілігі осы кезеңдегі инфляция 5,7% болған кезде 11,22% көрсетті. 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БЖЗЖ-ның жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі – 8,87%.

Қордың зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігін қарастырсақ, 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инфляция 8,3% құрағанда ол 12,47% болды.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді үнемі әртарапандырып отырады. Яғни, зейнетақы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Қордың enpf.kz сайтына ай сайын орналастырылатын ҚР Ұлттық Банкінің инвестициялық қызметіне жасалған шолуда, 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кірістер құралдардың барлық түрлері бойынша алынғандығы көрсетілген.

Ұзақ мерзімді кезеңдегі жинақталған инвестициялық кірістілік те инфляциядан асып түсті. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2024 жылғы 1 қазанға өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 803,01% болғанда, 919,3% көрсетті.

Сұрағым бар...

КІМДЕР ЖАРНА ТӨЛЕМЕЙДІ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне туралы сұрақтар түседі. Оларға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова түсініктеме берді.

- Мен жұмыс істемейтін болсам мөртебені қалай аламын?

- Сізге екі таңдау бар. Біріншісі – дербес төлеуші ретінде жарна төлеуіңізге болады. Екіншісі – жұмыспен қамту орталығына хабарласып, жұмыссыз ретінде тіркеле аласыз. Бұл жағдайда сіз жеңілдік санатына кіресіз және сіз үшін жарналарды мемлекет төлейді.

- Егер мүгедектігі бар болса, ЖК МӘМС-ке жарна төлеуі қажет пе?

- Жоқ, өйткені ол жеңілдетілген санатқа енеді. Сондай-ақ ол 18 жасқа дейінгі балалар; зейнеткерлер, оның ішінде ҰОС қатысушылары мен мүгедектері; «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр Ана» атағы, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені бар көп балалы аналар; мектептерде, лицейлерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында, магистратурада күндізгі білім алушылар санаттарына енетін болса, ЖК жарналарын төлемейді.

- Егер пациент ауруханаға жатқызылған күні стационарға келе алмаса не істеу керек?

- Жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күні стационарға келмеген жағдайда пациент бұл туралы бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымына немесе емдеуге жіберілген денсаулық сақтау ұйымына хабарлайды. Стационар ауруханаға жатқызу екі күннен аспайтын мерзімге ауыстырады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Азаматтарға арналған Ұкімет" мемлекеттік корпорациясының тіркеу және жер кадастры бойынша Қызылорда қаласы бөлімшесінде 2020 жылдың 16 қыркүйегінде 200940020612 номерімен тіркелген, Қызылорда қаласының Ақмаржан шағын ауданындағы Жаппасбай бағы көшесінде 137 Г мекенжайында орналасқан "Golden Bridge Turan" ЖШС-нің мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТТЫҚ СЕРВИСТЕРІ

Сот жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу уақыт талабы болып табылады. 2014 жылдың 9 маусымнан бастап республика соттарында «Сот құжаттарымен танысу» және «Сот кабинеті» атты жаңа электронды сервистері іске қосылды.

Республиканың барлық соттарында талап қоюлар, құжаттарды беруден және тіркеу сатысынан бастап, заңды күшіне енген сот актісін орындауға жібергенге дейін сот ісін жүргізу процесі түгелдей электронды форматқа көшірілді.

«Сот кабинеті» – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірінші терезе болып саналады, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған.

«Сот кабинеті» онлайн электронды құжат айналымы азаматтар мен ұйымдардың сот органдарымен электронды өзара іс-қимылының жаңа тәсілі болып табылады. Бұл сервис арқылы өтініш, арыз, шағым және электрондық түрдегі өтінімдерді зәрілеу, мемлекеттік алымдарды онлайн түрінде төлеу, деректерді сақтау және жіберу операцияларын іске асыруға болады. Пайдаланушы өзіне ыңғайлы кез келген уақытта сот құжатын қарап, істің тарихымен, деректермен танысып, сот актісін басып шығара алады.

«Сот құжаттарымен танысу» сервисі логин, пароль, ЖСН-ді енгізу арқылы электронды сот құжаттарын көруге арналған. Логин мен парольді сот процесіне қатысушы азамат өзінің ұялы телефонына немесе электронды поштасына келіп түскен электронды хабарлама арқылы біле алады. Жолдаған өтініші тіркелгеннен кейін пайдаланушыға оның тіркелгені туралы талон мен электронды хабарлама туралы түседі.

Сот процесіне қатысушы мен өзге тарапқа сот тыңдалымы туралы талон жолданады. Сот процесіне қатысушыларға судьяның электрондық-цифрлық қолтаңбасы қойылған сот актілерінің шыққаны туралы SMS жіберіледі. Сервистегі электронды сот құжаттарын көруге, сақтауға және жүктеп алуға болады. Сонымен қатар, барлық сот процесі бейне және таспаға жазу шаралары енгізілген. Республика соттарының барлығы 100%-ға дыбыс-бейне таспаға жазумен жабдықталған және сот процесі басталған уақытта бейнежазу құрылғысы іске қосылып, сот процесінің басталған және аяқталған уақыты есепке алынып отырады.

Сервистердің тағы бір түріне тоқталсақ, сот отырыстарын бейне-конференцбайланыс арқылы қашықтан өткізу республика халқы үшін өте тиімді. Себебі, сот отырыстарын бейнеконференцбайланыс арқылы қашықтан өткізу халықтың шығынын азайтып, сот отырыстарын кейінге қалдырмай, қарауға мүмкіндік береді.

Г.М.САЛИМОВА,

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің бас маманы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СУДЬЯЛАРЫНЫҢ ІХ СЪЕЗІ

Қазақстанның соты тәуелсіздік жылдарында үлкен даму белестерінен өтті. Осы жылдар ішінде үздіксіз жүзеге асырылған реформалар саланың аяғынан тік тұрып, өзіндік бет-бейнесін қалыптастыруына, жұмысын жүйелеуге ықпалын тигізді. Соттың беделін биіктетіп, судьялар тәуелсіздігін нығайтуда жыл сайынғы Президент Жолдаулары мен әр төрт жыл сайын ұйымдастырылатын республика судьялары съезінің орны зор.

Жолдаулар отандық сотты халықаралық талаптарға сай жаңғыртуға, заңдардың сапасын көтеруге, сот пен судьяға деген сенімді нығайтуға көмектесетін сауатты бағыт-бағдар нұсқауымен бағалы болса, съездер саладағы мәселелерді әріптестермен кеңесе отырып бірігіп шешуге, өзара тәжірибе алмасуға, шеберлікті шыңдауға, аға буын мен кіші буын арасындағы байланысты нығайтуға, сот құрылымына қатысты түйткілдерді бірігіп шешуге мүмкіндік берді.

Бүгінде соттағы жанашылдықтардың құрғамырына айналған «Судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі де бастауын осы съезден алған болатын. Қазылар қауымының қорғанына айналған «Судьялар одағы» қоғамдық бірлестігі 1996 жылғы алғашқы съезде өз жұмысын бастады. Осы жылы одақтың жарғысы қабылданып, аймақтарда филиалдары құрылды. Міне содан бері Судьялар одағы сот жүйесінде іске асырылып жатқан іргелі жообалар мен жаңашылдықтардың, заңнамаларға енгізілген өзгерістердің, қоғамдағы айтулы бастамалардың жаршысы болып келеді.

Одақ тарапынан бүгінгі күнге дейін ұйымдастырылған 8 съездің де сот саласы үшін тигізген пайдасы орасан. Съезд мінберінде айтылған, талқыланып, ұсыныс ретінде билікке жіберілген бастамалардың орындалмай, орта жолда қалған кезі болмаған. Мәселен, алғашқы съезде судьялыққа үміткерлерді іріктеудің тәртібін қалыптастыру, судья әдебіне қатысты талапты қатайту, сот құрылымы мен сот өндірісін

ықшамдау, заңнамалық базаны жетілдіру, құқық қолдануда бірінші тәжірибеге қол жеткізу секілді келемі мәселелер талқыға шығарылды. Екінші съезде соттарды мамандандыру, судьялардың жүктемесін азайту, процесстердің жарыспалылығын қамтамасыз ету мәселесі шешімін тапса, үшінші съезде алқабилер институты, қылмыстық жазаны ізгілендіру сөз болды. IV съезд сот өндірісін оңтайландыру, судьяларды іріктеу талаптарын күшейту, соттың санкция беру тетіктерін енгізуге басымдық берсе, V съезде сот жұмысын жандандыруға ден қойылды. VI съезд тергеу сотының, соттар беретін санкция түрлері кеңейтуге негіз қалады. Сонымен қатар, VII съезде қазақстандық қазылардың жаңа әдеп кодексі қабылдау, жаңа технологияны сот тәжірибесінде қолдануға барынша мән беру мәселесі күн тәртібінен орын алды. VII съезд бен VIII съезд заңнамаларды жетілдіру, жеделденген істер бойынша бірінші тәжірибе қалыптастырудың маңызы мен заманауи технология көмегімен сот саласын жаңа белеске көтеруді мақсат етті. Жалпы қай съезді алсақ та, соттағы ашықтық пен теңқұқылық, жеделдік пен сапа мәселесі үнемі басты орында тұр. Себебі, сот қызметін тұтынатын халықтың қалауы да осы талаптарға келіп тұйіседі.

Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезі Ел Президентінің қатысуымен 2024 жылғы 4 қазанда өткізілді. Барлығы 450 қатысушы, оның ішінде делегаттар саны – 185, қалғандары – мемлекеттік органдардың, шет мемлекеттердің бірқатар жоғарғы соттарының, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдері.

Съездің негізгі тақырыптық бағыттары төменгідей болды:

1. *Сот жүйесі мен судьялардың тәуелсіздігі* – судьялық кәте және заңның өрескел бұзылуының нақты өлшемшарттарын анықтау; – судьялық өзін-өзі басқаруды заңнамалық реттеу; – Жоғарғы Сотқа заң шығару бастамасы құқығын берудің орындылығын талқылау; – сот әкімшілігін дамыту
2. *Түімді сот ісін жүргізу*



- дербес кассациялық саты құру;

- әкімшілік әділет аясын қолдануды кеңейту және әкімшілік істер бойынша экзаумалық соттылықты енгізу;

- қылмыстық процесте тараптардың нақты жарыспалылығы мен тең құқылы болуын қамтамасыз ету;

- соттардың қызметіне жасанды интелект элементтерін енгізу;

- татуласу рәсімдерін дамыту;

- сот төрелігін жария іске асыру.

3. *Судьялық кадрлар*

- судьялық кадрларды даярлау және іріктеу сапасы;

- судьялардың ғылыми әлеуетін дамыту;

- судьялардың кәсіби қызметін бағалау және тәртіптік жауапкершілік институттарын жетілдіру;

- судьялық әдеп кодексінің жаңа редакциясын қабылдау.

4. *Судьялардың материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету*

- судьяларды медициналық қамтамасыз ету;

- судьялардың біліктілік сыныптары;

- әлеуметтік топтаманы күшейтудің басқа шаралары.

Бақытбек ЕЛШБЕКОВ

Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп

№14611-Г «7» қараша

2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі

№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы

Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.

Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап бермейді

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ТОЛЫҚ ИГЕРІЛУІ ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен шағын және орта кәсіпкерліктің өнім шығаруы қаралған мәжілістен соң Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев өз жиынын өткізіп, бірқатар мәселелерге тоқталды.

Алдыңмен аудан басшысы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне тоқталып, мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсіпкерлікті дамыту қажеттігін атап өтті. Бүгінде аудан бойынша 3,9 млрд. теңгеге 273 жобаға қаржылай қолдау көрсетілген. Оның қатарында халықтың табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылуда.

Мұнан соң аудан әкімі аудан бюджетінің жыл қорытындысымен болжамды игерілу мәселесін атап өтті.

— Жыл қорытындысымен аудан бюджеті қаражаттары толық игерілуі қажет. Қаржының төмен деңгейде игерілген және жұмыстардың сапасыз орындалған жағдайда бірінші басшылардың жауапкершілігі қатаң қаралатынын ескертемін. Мәселе туындамауы қажет, — деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Мәжіліс барысында мерзімді әскери қызметке азаматтарды жөнелту мәселесі де қаралды. Құқық қорғау қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс жасап, азаматтардың Отан алдындағы борышын өтеуге баруын сапалы қамтамасыз етуді тапсырды.

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен 25 қазан – Республика күніне орай салтанатты іс-шара өтті. Іс-шараға аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудандық сот төрағасы Руслан Алдамбергенов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов, халық қалаулылары, еңбек ардагерлері мен тұрғындары қатысты.

МАРАПАТТАЛҒАНДАР АЗ БОЛМАДЫ

— 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация кәсіпкерлігі Тәуелсіздігімізге жол ашты. Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға өзгеріс енгізіле бастады. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Республика күніне арналған өзінің құттықтауында: «Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Барша қазақстандықтар белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Себебі мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да – азаматтар» деген болатын. Президентіміздің және Үкіметтің қолдауымен, аймақ басшысының тапсырмасымен Сыр өңірінде соңғы жылдары мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд. теңгеге құраса, бүгінде бюджет көлемі 744 млрд. теңгеден асты. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда. Аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа белеске шығып, барлық негізгі



көрсеткіштерде оң серпін сақталуда. Өңіріміз республика бойынша алдыңғы қатарда. Екі жыл бұрын аудан бюджеті 12 млрд. теңгеге құраса, бүгінде бюджет көлемі 16 млрд. теңгеден асты. Осындай жүйелі де нақты жұмыстардың арқасында жыл қорытындысымен ауданымыз «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» номинациясымен марапатталды. Бұл – біздің бірлесіп атқарған еңбегімізге берілген лайықты өрі жоғары баға. Осы абыройды алдағы уақытта да ұстап тұрып, Сырдария ауданының үздіктер көшін бастауына біріміз өз үлесімізді қосуымыз керек, — деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Салтанатты іс-шарада ауданның дамуына үлес қосқан азаматтар Қызылорда облысының «Құрмет грамотасымен», облыс және аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ СПАРТАКИАДАСЫ

Сырдария ауданында XXXVII ауыл спортшыларының «Алтын күз – 2024» спартакиадасының ашылу салтанаты өтті. Салтанатты іс-шараға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, «Қайсар» футбол клубының директоры Садық Мұстафаев, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов, еңбек ардагерлері, аймақ бойынша спортшылар мен аудан тұрғындары қатысты.

Спартакиаданың ашылу салтанаты аудан өнерпаздарының дайындаған қойылымымен және спортшылардың

суда. Олар жарыстың 16 түрі бойынша өзара бақ сынайтын болады. Байрақты бәсекеде жаңа биіктерді бағындырып, жеңіс тұғырынан көрінуге тілектеспін, — деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Сонымен бірге Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев пен облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Мұнан соң жиналған көпшілік «Алтын күз – 2024» спартакиадасының Алауын жағу рәсіміне куә болды. Дүбірлі дода алауын ұстаған аудан мақтаншытары орталық саябақтан бас-



шеруімен басталды. Салтанатты шеруді өңіріміздің ұлттық ат спорты, ұлттық құндылықтарды насихаттап жүрген облыс спортшылары бастады. Одан кейін жиналған көпшілікке Бас төрешілер құрамы мен барлық аудан спортшылары таныстырылды.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Берік Сәрменбаев спортшыларды Республика күнімен құттықтап, сәттілік тіледі.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 33-ші жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуінде: «Спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деген болатын. Ел Президентінің тапсырмасымен, Үкімет және облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен Сыр елінде спорт саласында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Астана қаласында өткен Бесінші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ел намысын қорғаған спортшыларымыздың барлығы жоғары нәтиже көрсетті. Сырдариялық Бексұлтан Бостандықов тоғызқұмалақтан чемпион атанса, белбеу күресінен Назерке Әбілтаева қола жүлдеге қол жеткізді. Соңғы жылдары аймағымызда заманауи спорт нысандары көптеп бой көтеруде. Спорт саласы бойынша 2023 жылы 13 спорт кешені салынса, оның біреуі Бесарық ауылында бой көтеруде. Ал биыл аймақта 10 спорт кешенінің құрылысы басталды. Құны 3,4 млрд. теңгеге Үстел теннисі орталығының құрылыс жұмыстары аяқталып, қазан айында ел игілігіне табысталды. Аймақ басшысының қолдауымен Сырдария ауданында спортты дамытуға үлкен қолдау жасалып, мәдени-спорттық шаралар көптеп ұйымдастырылуда. Бүгінде спортшыларымыз Азия біріншілігі мен Қазақстан чемпионаттарынан 155 медаль жеңіп алып, аудан мерейін үстем етуде. Бұқаралық спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан айтулы жұмыстардың нәтижесінде аудан тұрғындарының 39 пайызы тұрақты спортпен шұғылданды. Биыл Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында ауыл спортшылары арасындағы «Алтын күз» спартакиадасы Сырдария ауданында өткізілуде. Дүбірлі жарысқа облыс бойынша 1600-дан аса спортшы қаты-

тап орталық стадионға дейін жүгіріп өтті. Облыстық спартакиада алауын алып кірген ауданның спорт саласын үлкен жетістіктерге жеткізіп, ел намысын байрақты бәсекелерде қорғап жүрген спортшыларды спортсүйер көрермен зор ынтамен, ықыласпен, қошеметпен қарсы алды. Осылайша

Бүгінгі таңда аудан тұрғындарының 39 пайызы бұқаралық спортпен жүйелі түрде айналысуда. Есепті кезеңде аудан көлемінде 73 спорттық жарыстар өткізіліп, 11 260 адам қатысты. Аудан спортшылары үстемдіктегі жылы Әлем чемпионатында 5 медаль, Азия чемпионатында 6 медаль, Қазақстан Республикасының чемпионаттарында 144 медаль иеленді.

КІТАПХАНАШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев аудан кітапханашыларын қабылдап, Республика күнімен және кәсіби мереке – Кітапханашылар күнімен құттықтады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кітапхана жұмысын жандандыруға әрқашан көңіл бөліп келеді. Президент Ұлттық құрылтайда тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана ашуды, оның оқырмандары әлемнің әр түрлі басылып шыққан көркем шығармаларды, арнаулы әдебиетті оқи алатынын жеткізген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасымен, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен аймақта сала жұмысын дамытуға үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтқанда, өңірде түнгі кітапханалар жұмысын бастады. Биылғы Сыр өңіріндегі «Руханият» жылы аясында барлық ауданда «Руханият» орталықтары бой көтеруде. Оның ішінде, тәулік бойына жұмыс істейтін кітапханалар қамтылатын болады.

Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» дейді. Кітап – құнды байлық. Кітапхана – адамдардың өміріне, болашағына ықпал етіп, жақсы бастамаға, жарқын болашаққа жол ашатын рухани қазына ордасы, білімнің киелі шаңырағы саналады. Ал, кітапханашы – бүгінде тек қана оқырманға кітап беріп қана қоймай, күнделікті ақпарат ағынын оқырманға жетелеуші, кітапхананың бай қорын сақтаушы және насихаттаушы. Біз кітапханашылардың еңбегін әрдайым жоғары бағалап, қызметтеріне құрметпен қараймыз, — деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Мерекелік іс-шарада аудан басшысы сала ардагерлері мен қызметкерлерін «Алғыс хатпен» марапаттап, сый-құрмет көрсетті.

Қабылдауда аудан аудандық мәслихат төрағасы Е.Әжікенов, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Еспенбетов, сала ардагері Г.Нұржакиева кітапханашылардың қызық та қиын жұмыстары туралы айтып, мерекемен құттықтады.

Бүгінде ауданда 17 кітапхана жүйесі және білім ошақтарында 17 кітапхана бар. Кітапханалар жүйесінде 400 мыңнан астам кітап қоры қамтылған. Аталған кітап қорларын сақтау және халыққа жеткізуде 50-ден астам кітапханашылар аянбай қызмет етіп келеді. Аудан бойынша оқырмандар саны 18 551-ді құрайды.

Жыл сайын кітап қорлары жаңартылып, кітапхана жұмысы жаңа заманауи техникалармен толықтырылуда. Коворкинг орталығы, тегін интернет желісі және аудио-видео құрылғылар пайдаланушылардың электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеуіне мүмкіндік беруде. Аудан кітапханашылары мүмкіндігі шектеулі оқырмандарға, оның ішінде көзі көрмейтін жандарға кітаптарды бірнеше тілде оқып беретін арнайы құрылғымен қызмет көрсетуде.

АКТИВ КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСКЕ АРНАЛДЫ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен актив жиыны өтті. Кадрлық өзгеріске байланысты ұйымдастырылған жиында аудандық мәслихат төрағасы Е.Әжікенов, аудандық мәслихат депутаттары, кент және ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары қатысты.

Жиында аудан басшысы «AMANAT» партиясы Орталық аппаратының келісімі негізінде 2024 жылғы 23 қазаннан бастап партияның аудандық филиалының Атқарушы хатшысы қызметіне Ақтөре Ибрагимұлының тағайындалғанын айтып, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

— «AMANAT» партиясы – үлкен саяси күш және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік орны бар партия. Бүгін партияның Орталық аппаратының келісімі негізінде партияның Сырдария аудандық филиалының Атқарушы хатшысы қызметіне Ақтөре Ибрагимұлы тағайындалуда. Соған сәйкес облыстық партия филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов ауданға арнайы келіп, жаңа тағайындауды партия активіне таныстырды. Аудандық мәслихаттың депутаты Ақтөре Ибрагимұлының есімі, еңбек жолы сіздерге жақсы таныс. Ол бұған дейін журналистика саласында, аудан әкімдігінде еңбек етті. Аудандық газеттің бас редакторы ретінде жемісті жұмыс істеп, ауданның дамуына өз үлесін қосты. Жаңа қызметке тағайындалып жатқан азаматтың жоғары жұмыстарды сапалы, уақытылы орындайтынына сенім білдіріп, жаңа жұмысына сәттілік пен абырой тілеймін, — деді Берік Әбдіғалпарұлы.



АТА-АНАЛАРҒА АЛҒЫС

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев Республика күні қарсаңында мемлекеттік қызметшілерді қабылдап, мерекемен құттықтады және ата-аналарына алғысын жеткізді.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам. Мерейлі күн – азаматтарымыздың өзара түсіністігін, тұтас ұлттымыздың еркін өмірге және дербес дамуға ұмтылысын паш ететін мереке» деп атап көрсетті. Бүгінде Қазақстан Республикасының бүкіл әлем біледі, оның бейбітшілік, ынтымақтастық саясатымен сана-сады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Үкімет және облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен Алашқа ана болған Сыр өңірінде серпінді жұмыстар атқарылуда. Сыр өңірін, ауданды дамыту бағытында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстардың

жүзеге асуына мемлекеттік қызметшілер үлкен үлес қосуда. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметте өз міндеттерін абыроймен атқарып, Сырдария ауданының дамуына үлес қосып келеді. Өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерде бастамашылық жасап, халықтың билікке деген сенімін арттыруда жауапкершілік танытуда. Сондықтан аудан дамуына қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілерді тәрбиелеп өсірген ата-аналарына шынайы алғысымды білдіремін, — деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Аудан әкімі облыс әкімінің бірқатар мемлекеттік қызметшілердің ата-аналарына арналған «Алғыс хатын» табыс етті. Мерекелік қабылдауда аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов сөз сөйлеп, мемлекеттік қызметшілердің жұмысы жауапкершілікті талап ететінін атап, мерекелік құттықтауларын жеткізді.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен Сырдария аудандық ауруханасының полиативті медициналық көмек көрсету және оңалту бөлімшелері күрделі жөндеуден өткізілуде.

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев Тереңөзек кентіндегі медициналық нысанның құрылыс жұмыстары барысымен танысты.

Аудандық аурухананың бас дәрігері Жалғас Үсенов бүгінде ғимараттың сыртқы жұмыстары аяқталып, ішкі орлеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. Аумағы үлкен ғимараттың ішіне полиативті медициналық көмек көрсету және оңалту бөлімшелері және жедел жәрдем бөлімшесі орналасатын болады. Құрылыс жұмыстарын мердігер мекеме «Пульс» ЖШС атқаруда.

Аудан әкімі ғимаратты аралап көріп, құрылыс жұмыстарының сапалы жүргізілуін қатаң бақылауда ұстау керектігін ескертті. Сондай-ақ халық ем алатын орынның күрделі жөндеу жұмыстарын уақытылы аяқтауды тапсырды.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗІЛУДЕ



ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Денсаулық кепілі – дене шынықтыру. Жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымын біртіндеп салуды қамтамасыз етуге тиіс. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды.

Спорт инфрақұрылымының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шығына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастарды.

Жолдаудан. 2019 жыл

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Еліміздің әр аймағының тұрғындарының таза ауыз суға, табиғи газға, келік инфрақұрылымына қол жеткізу деңгейі біркелкі емес екені белгілі. Осы теңсіздікті жою үшін жұмысты жандандыру қажет. Елбасының тапсырмасы бойынша «Сарыарқа» газ құбырының магистралды желісінің бірінші кезектегі құрылысы аяқталып келеді. Келесі жылы Нұр-Сұлтан қаласында және Қарағанды, содан соң Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында тарату желілерін салу жұмыстары басталады. Мемлекет осы мақсатқа сәйкес 56 миллиард теңге бөліп отыр. Нәтижесінде 2,7 миллионнан астам адам табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады. Алдағы үш жыл ішінде тұрғындарды таза ауыз сумен және су жеткізумен қамтамасыз

етуге шамамен 250 миллиард теңге бөлінеді. Аққарушы билік органдары «Нұрлы жол» бағдарламасын толық және сапалы іске асыруға баса мән беруі керек. Бұл – стратегиялық жоба. Соның арқасында бүкіл келік инфрақұрылымы жаңғыртылады. Осы мақсатқа орай, мемлекет 2022 жылға дейін 1,2 триллион теңгеден астам инвестиция салады. Үкімет бұған дейін де көп қаражат бөлген болатын, бірақ оның көбі құмға сіңген судай жоқ болып кетті. Ашығын айтсақ, шенеуніктердің қалтасына кетті, ал таза су, жол және басқа да инфрақұрылымның жағдайы әлі де сол күйінде. Бұл жолы Үкімет пен Парламент Есеп комитетімен бірлесіп, бюджет қаражатын толығымен тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Жолдаудан. 2019 жыл

10 МЫҢ ОРИНДЫҚ СТАДИОН ҚҰРЫЛЫСЫ



ЖОБА ҚҰНЫ 20 млрд тг

НЫСАН 2025 ЖЫЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Қызылорда облысының әкімі Н.НӨЛІБАЕВ:
Спорт саласы бойынша **15 нысанның** құрылысы жүргізіліп, жыл соңына дейін **8 спорт кешені** іске қосылады. Сол жағалауда құны **20,0 млрд. теңге** болатын **10 мың** орындық Орталық стадион, құны **6,5 млрд. теңгенің** жабық бассейні бар көп салалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылыстары жүргізілуде. Жақында **Үстел теннисі** орталығы мен **Оқушылар сарайы** ашылып, ел игілігіне табысталды.

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, мынадай ауқымды жобаларды жүзеге асыруға кірісуі қажет. Алматыдағы 2-ші жылу электр орталығының аумағында булы газ қондырғысын салу, 3-ші жылу электр орталығын жаңғырту және 1-ші жылу электр орталығын кеңейту керек. Оңтүстік өңірде 1000 мегаватт энергия өндіретін жаңа қуат көздерін іске қосу қажет. Алматы қаласы мен Алматы облысындағы кабель желілері жаңғыртылуға тиіс. Бұл жобаларға салынатын инвестицияның жалпы көлемі бір триллион теңгеден асады. Біз стратегиялық инвесторларымызбен бірлесіп, еліміздің түрлі өңірінде шамамен 2400 мегаваттық жаңғыртылатын қуат көзін іске қосамыз. Қазақстанның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары аясында өрбір сала мен өңір үшін нақты мақсатты көрсеткіштер белгіленген. Мемлекеттік органдар, әсіресе, өңір әкімдері сол көрсеткіштерге қол жеткізуге тікелей жауапты болады.

Жолдаудан. 2019 жыл.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ЖАҢА ЖЫЛУ ОРТАЛЫҒЫН САЛУ
ЖОБА ТҮРІК ИНВЕТОРЫ "AKSA ENERGY" ЕСЕБІНЕН ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН БОЛАДЫ



БАС МЕРДІГЕР INTERTASCO ЖШС (Атырау қ.)

ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 215 млрд тг

ЖЫЛУ ҚУАТТЫЛЫҒЫ 277 Гкал

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚУАТТЫЛЫҒЫ 240 МВт

ІСКЕ АСЫРУ МЕРЗІМІ 2025 ж.

- 70 млрд. теңге инвестиция салынды
- Негізгі қондырғылар
- 90 МВт газотурбиндік қондырғылар (Швейцария)
- 95 МВт бу турбинасы (Чехия)
- AC BOILERS нағыз жылу қазандығы (Италия)
- 45 МВт қосымша жылу қазандығы (Түркия)
- Жобаны аяқтау мерзімі - тамыз 2025 жыл

Қызылорда облысының әкімі Н.НӨЛІБАЕВ:
Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында қуаттылығы **240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электрорталығының** құрылысы қарқынды жүруде. **2025 жылғы қыркүйек айында** пайдалануға беріледі.

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Өз бетінше баспана мәселесін шешуге табысы жетпейтін азаматтарға тиімді әлеуметтік көмек көрсетілетін болады. Биылдан бастап «5-10-25» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оған 390 миллиард теңге бөлінді. Үкімет осы бағдарламаның жүзеге асырылу барысын үнемі қадағалап отыруы керек. Кезекте тұрған адамдардың баспана мәселесін тезірек шешу керек. Қазір әкімдіктер оларға арнап жалға берілетін тұрғын үйлер салып жатыр. Бюджеттік және сапты алу рәсімдеріне байланысты бұған ұзақ уақыт кетеді. Бұл тәртіпке өзгеріс енгізетін кез келді. Қаражатты тек үй құрылысына ғана емес, жалдау ақысын субсидиялауға да бөлген жөн. Оның ауқымы осы шараның арқасында алғашқы жылдың өзінде-ақ 10 есе өсіп, жүз мыңнан астам отбасына нақты көмек көрсетіледі. Бұл жұмысты реттеуді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі негізінде құрылып жатқан «Отбасы банкіне» тапсырдым. Банк басшылығы тікелей жауапты болады. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жеке тұрғын үй салу ісі баяу жүріп жатыр. Мұның басты себебі – үй салынатын аумақты дайындау ісінің қарқыны төмен. Өйткені заң бойынша су және электр желілері жүргізілген аумақтан ғана жер беріледі. Жер үй тек баспана ғана емес, сондай-ақ табысы аз, әсіресе көпбалалы отбасылардың экономикалық тірегі де бола алады. Үкімет пен әкімдіктер әлеуметтік жер үйлер салынатын учаскелерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету ісін жеделдетуі қажет. Бұл ретте, мемлекет-жекеменшік әріптестігін де қолданған жөн.

Жолдаудан. 2020 жыл

2024 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ

ЭЛЕКТРЭНЕРГИЯСЫМЕН ҚАМТУ	ГАЗДАНДЫРУ	АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУ
ЖОБА САНЫ 38	ЖОБА САНЫ 11	ЖОБА САНЫ 55
ҚҰНЫ 11 млрд тг	ҚҰНЫ 30 млрд тг	ҚҰНЫ 16,8 млрд тг
ТОЗУ ДЕҢГЕЙІ 72%	ГАЗДАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ 75%	ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛҒАН 98,1%
62%	78%	98,6%

Қызылорда облысының әкімі Н.НӨЛІБАЕВ:
Электр энергиямен қамту бағытында 2022 жылдан бастап **18 млрд. теңгеге 70 жоба** жүзеге асырылды. Биылдың өзінде **11 млрд. теңгеге 38 жоба** жүзеге асуда. Нәтижесінде, электр желілерінің тозу деңгейі **72 пайыздан 62 пайызға** төмендейді. Биыл облыста құны **30 млрд. теңгеге 11 елді мекен** газдандырылуда. Нәтижесінде өңірдің газбен қамту көрсеткішін 75 пайыздан **78 пайызға** жеткіземіз. Қазіргі таңда елді мекендерді сапалы **ауыз сумен** қамту бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде. 2022 жылдан бастап облыс аумағында жалпы құны **16 млрд. 800 млн. теңгені** құрайтын **55 жоба** жүзеге асырылды. Нәтижесінде, халықты орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі **98,6 пайызға** дейін жетеді. 2025 жылдың соңына дейін облыс аумағындағы барлық елді мекендер орталықтандырылған ауыз сумен **100 пайыз** қамтамасыз етіледі.

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Басқа жұртқа қараңыздар. Көптеген елдің, тіпті, көрші елдердің өзінде ірі кәсіпкерлер мемлекетке алақан жаймайды. Керісінше, туған елін дамытуға өз еркімен қыруар қаржы жұмсайды. Осы елде кәсібін жасап, байыған адамдар қара басының ғана емес, елдің де қамын ойлауға тиіс деп санаймын. Олар жеке мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре білуі қажет. Елге жанашыр іскер азаматтар бізде де аз емес. Мұндай азаматтар қоғамға қажетті көптеген жобаға қаржы салып, игі істердің басы-

қасында жүр. Қайырымдылық және волонтерлік бастамаларға демеушілік жасап келеді. Мемлекет те отаншыл азаматтарды өзгелерге үлгі етіп, оларға қолдау көрсетеді. Өрине, аймақтарда өз қаржысына мешіт салған кәсіпкерлердің ниеті тзу, оны түсінуге болады. Алайда жаңа мектеп, жатақхана, аурухана, кітапхана, мұражай немесе спорт сарайын тұрғызу әлдеқайда маңыздырақ. Мұның сауабы мол. Кейінгі ұрпақ та осындай игі істерге алғыс айтары анық.

Ұлттық құрылтайдың 3-ші жиынында сөйлеген сөзінен

"ҚОРҚЫТ АТА" ӘУЕЖАЙЫНЫҢ ЖАҢА ТЕРМИНАЛЫ



ИНВЕТОР "БОЛАТ ӨТЕМҰРАТОВ" ҚОРЫ

ЖОБА ҚҰНЫ 16 млрд тг 638 млн тг

2024 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ
ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҰРУ САПАСЫН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ

2022-2023 жж	БИЫЛ БЮДЖЕТТЕН
17 000 ТҰРҒЫННЫҢ БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ	37,1 млрд тг
4000 ЖУЫҚ ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ	3000 ЖУЫҚ ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ
13 000 ТҰРҒЫННЫҢ БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАБАДЫ	

Қызылорда облысының әкімі Н.НӨЛІБАЕВ:
Бүгінде облысымыз **қарқынды құрылыс алаңына, өркенді өзгерістердің** ордасына айналуда. Облыс бойынша биылғы жылы **133 млрд. 400 млн.** теңгеге **187 жобаның құрылысы** жүргізілуде. Мемлекеттік қолдау мен Ұлттық жобалар аясында биылғы жылы қаржыландырудың барлық көздері есебінен өңірімізде **863 мың 900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. 2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер** табысталып, **17 мың тұрғынның** баспана мәселесі шешілді. Биылғы жылы мемлекеттік бюджеттен бөлінген **37 млрд. 100 млн. теңгеге 3 мыңға жуық пәтер** пайдалануға беріліп, **13 мың тұрғынның** баспана мәселесі шешімін табады.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ



ЖОБА ҚҰНЫ "ҚАЗГЕРМҰНАЙ" БК ЖШС 2 млрд тг 350 млн тг

НЫСАН 2024 ЖЫЛЫ ҚАЗАНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қызылорда облысының әкімі Н.НӨЛІБАЕВ:
Жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар **Сыр елін көркейтуге, ауылдарды дамытуға** белсенді араласып, **өз үлестерін қосуда.** Аймағымызда **демеушілер есебінен** барлығы **50 млрд. теңгенің** жобалары жүзеге асуда. Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған **Орталық аңғар** демеушілер есебінен жаңғыртудан өтті. Бұл – өңірде қолға алынған жұмыстарымыздың бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта **елдің игілігі мен балаларымыздың болашағы үшін** жасалатын **ауқымды жобалар** жалғасын табады.

Кітапхана

- VI -

Соңғы күндері Оспанды ешкім мазалаған жоқ. Соған карағанда, тергеу-тексеру науқаны аяқталған сияқты. Айтты-айтпады, бұл тергеуді майлы ішекше сызып, езе беретін не бар, шындығында? Құпия қоймасын ашам, анық-қанығына жетем деп бас қатыратын емес, бәрі белгілі, бәрі алақанда. Бұған Оспанның да қосқан үлесі аз емес. Әркім өз білгенінше көкпарға айналдырмай, тымқұрса бастан кешкен оқиғалар қағазға дұрыс түссін деген оймен, тергеушінің сұрақтарына мүмкіндігінше толық, әрі шанайы жауап беруге тырысты.

Иә, талай тергеушінің алдынан өтті ғой, осы бір айдың ішінде. Әртүрлі ұлттың, әр алуан мінездің адамдары. Кейбіреулері дүниені бір өзі тіреп тұрғандай, өздерін тым өктем ұстайды. Оспанға қолға түскен тұтқын, қорғаныс мискин ретінде тым жоғарыдан қарайтын да бар. Бірақ, мұның жан дүниесіне үңілген, жағдайын ұққан бірі жоқ. Тергеу кезіндегі кекем-мұқау, мекеру, астаму – соның салдары. Не істейсің, әркімнің тәрбиесі, тәлім-мінезі, кісілігі әртүрлі. Мұны ұққысы келген, ел тағдыры үшін қайғырған бір ғана адам болды. Ол – полковник Жағда Бабалықов.

Шынығында да, ең соңғы Жағдаммен арадағы Оспанға біраз ой салып кетті. Оқығанның аты – оқыған... Сол

жақты қыспаққа ұшырап, сарбаз саны азайып, жеңістен үміт үзілген кезде де қарулас достары мұны тастап кеткен жоқ. Ақтық демдері таусылғанша ата жаумен жан аямай айқасты... үміттерін ақтай алмағаны үшін, жеңіске бастай алмағаны үшін, сол ерлердің аруағы кешірер ме екен өздерінің бақытсыз сардарын?!

Көңілде аужал етер бір ғана жұбаныш бар. Қазаққа азаттыққа жете алмай арманда өткен – жалғыз Оспан емес. Осыдан тура бір ғасыр бұрын қазақтың ең соңғы ханы Кенесары Ақпашаның әскеріне қарсы он жыл соғысқан екен. Не жағап, олар да Оспан сияқты он жыл тірескен... Ақыры сыртқы жаудың басымдығы, көрші елдердің сатқындығы, ағайынның ала ауыздылығы салдарынан сол санлақтар да шайыт болып, өмірден озған екен. Қайран хан Кене! Ержүрек інісі Наурызбаймен бірге, соныңнан ерген қаншама серіктерімен бірге... Кешегі Абылай ханның ұрпағы – сол ерлердің ақыл-айласы, әдіс-тәсілі жетпеді дейсің бе? Жау көптігін істеді ғой онда да. Заманның ағымы да солай болды. Қазақтың қайтқан бағы, орыстың өрлеген ырысы... Оспан – сол хан тұқымы Кенесары мен Наурызбайдан әулие ме? Қашанда еркек тоқты – құрбандық. Қажет кезінде жауға қарсы Оспан елді көтеріп еді, ел Оспанды көтерді. Шінгіл бойындағы қарапайым

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ

КӨКЖАЛ

жігіттің көкірегінде көп түйіншек жатырау, шамасы. Өзі ұлт тағдыры дегенді, інісі қазақ дегенді көп айтады екен. Демек, оның да баяғы Алаш қайраткерлері сияқты ұлтшыл, милләтшыл азамат болғаны ғой. Соған орай, оның да өмір жолы, кейінгі тағдыры оңай болмас. Өзі рушылдықты өлердей жек көреді екен. Қазақ руға бөлінбей, не көрсе де ұлттымен, ұлысымен бірге көру керек деп санайды. Мұнысы – бұрын Оспан ескермеген нәрсе. Мұның Алтай аймағынан аспай, тек керей шеберінде қалғанын Жағда қателік деп тапты. Көріңіз бе, басқалар сияқты мұның іс-әрекетін «қылмыс» демеуі, «қателік» дейді. Демек, Оспанның ұзақ жыл азаттық үшін алысқаны – ол үшін қылмыс емес, әділет жолы. Өзі көтерілістің жеңіліп қалғанына өкінітін сияқты ма, қалай? Өткен, батырдың қасында дәл осы Жағда секілді ақыл қосып, кеңес беретін саналы жігіттер болмады ғой... Азаттық жолындағы күрес Алтайда ғана емес, Іле мен Тарбағатайда да іле-шала бұрқ ете қалып еді. Амал не, көтерілісшілер солардың басын қоса алмады ғой. Бір жағынан орыстар келіп қилікті. Олар көмекке берген қару-жарағын бұлдап, өзімізге тізгін ұстатпай, бар билікті бірден қолына алған жоқ па?! Не керек, құрдымға бет алған дүние болды ғой бәрі де...

Кеше Жағда «қателіктеріңіз көп болды ма» деп сұрайды. Көп болғанда қандай! Алған бетіміз айқын, жолымыз сара, ісіміз ақ деп, бұлар қалған дүниенің дұрыс-бұрыстығына көңіл аудармапты ғой. Жау жоқ жерден жау тауып, дұшпанды қолдан жасаған кездері де болыпты. Әйтпесе, көрші аймақта жеңіліп отырған қазақты шабу деген не масқара! Ал, бір қазақты керей-найман деп бөлу – Жағда айтпақшы, кешірілмес күн... Оспанды ақтаса, бір-ақ нәрсе ақтайды. Ол – азаттық жолында басын бергені, қазақ үшін қара лақ болып, өзін құрбандыққа шалғаны.

Сонда, Оспан өзінің ақтық сағатында кімдерден кешірім сұрауы керек? Ең алдымен өзінің соңына ерген, теңіз соғыста оққа ұшқан серіктерінен кешірім сұрағаны жөн шығар. Азаттық – олардың да аңсаған арманы еді. Сол үшін еш ойланбастан, Оспанның соңынан ілесті ғой. Азаттыққа, бостандыққа бастайды, құлдықтан құтқарады деп бұған сенді ғой есіл ерлер. Кейін көтерілісшілер жан-

шаруаның баласы аз жылда «Оспан батыр» атанып, даңқы дүниеге жайылды. Бір адамға бұдан артық не керек?!

Сонан кейін Оспан өмірінің ақтық сағатында өзімен отасқан әйелдерінен, арт жақта тағдыр талқысында қалып бара жатқан балаларынан кешірім сұрауы керек шығар. «Оспанның әйелі», «Оспанның баласы» атану соларға оңай болды дейсің бе. Сол бейбақтар үнемі аттың жалы, түйенің қомында, бір рахат-тыным көрмей өтті ғой дүниеден. Бәйбішесі Мәмейді 1942-жылы бір баласымен Оспан үшін кепілдікке ұстап, Көктоғай түрмесіне қамаған. Өкімет әскері партизандардан күйрей жеңілген бір жолы аудандық сакші бастығы он үш жасар Ибадолланы шешесінің көзіне кескілеп өлтіріпті. Әсілі, Оспанды еріксіз атқа қондырып, қанды кекке шақырған бір жағдай осы еді. Ал, Мәмей сол сұмдық көріністен дертке шалдығып, содан қайтып онала алмады.

Осыдан кейін ағайындары қолқа салып, Оспанды молкының бір жесірі Баян сұлуға үйлендірген. Ол да соғыста шайыт кеткен ержүрек сарбаздың жесірі болатын. Қайран Баян нағыз ер серігі боларлық жан еді ғой. Сол Баян келген соң Оспанның үйіне күт-берек, сән-салтанат ере кірген. Ойой, дүние! Отасқан жеті жыл – жеті күндей болған жоқ, зулап өте шықты. Әзірлеген асы қандай дәмді, тігіп қиғізген киімі қандай қонымды! Батырдың үйі көп ұзамай нағыз ордаға айналған. Сөйткен Баянға не рахат көрсетті бұл? Босқын елмен бірге қаңғыртып апарып, Гансу өлкесінің бір қойнауына тастап кетті. Қазір көзін жұмса Баянмен ең соңғы қоштасқан сәті елестейді. Әппақ қимешегін кір шалмаған, сол баяғы кербез қалпы... Ақбоз атты белдеуден шешіп, батырдың алдына көлденен тартып тұрған шағы... Ал, «бандыңың ұрпағы» атанып, көзүрткі болатын балаларын ойласа, жүрегінің басына қан толып кетеді...

Шінгілдің бойында шаруа бағып өскен Оспан бір кезде біреу білсе, біреу білмейтін қарапайым ғана соқа басты жігіт еді ғой. Қазір бір өзі бірнеше адамға айналып кеткен секілді. Біреулер «банды» деп шүлесе, екінші біреулер «батыр» деп есептейді. Кімнің аузына қақпақ боласын. Пенденің берер бағасы, айтар тілегі әртүрлі. Тек жаратушы Алланың көзі тұзу болсын деп тілеңіз. Оспан аз ғұмырында біреуден алғыс алса, тағы біреуден қарғыс алған

шығар. Қалайда, халық алдында қарыздар екені рас. Қазаққа «Қасқыр қарызын терісімен өтейді» деген сөз бар. Ендеше, бұл да барша қарызын бір басымен өтегелі тұрған жоқ па?!

Қасқыр демекші, қазақтың осы бір жыртқыш аң туралы көзқарасы да қызық.



– Ал, мынау не? – дейді қасқыр қазыққа байланған шынжырды көрсетіп.

– А-а, мынау ма? Бұл – менің шынжырым ғой... Бір жаққа қаңғырып кетеді деп, күндіз мені осында байлап қояды...

Осыны естігенде, Қасқырдың тұлабойы түршігіп, селт ете қалады.

– Е-е, босағанда байлаулы тұрам де... Бауырым-ау, бостандығыңды сатып, күн көріп жүр екенсің ғой! Бұл біздің бәрі әулетіне қол емес екен. Аш жүрsem де азаттығым артық! – деп Қасқыр орманға қарай жорта жөнеліпті...

Осы әңгімені естігелі, азаттық, бостандық деген сөз шықса болғаны, Оспанның көз алдына қасқыр елестейді. Сонан соң, үнемі жадынан шықпайтын тағы бір көрініс бар... Өлі есінде, Молкы ішінде Оспанмен аталас Дүйсеке деген аңшы болды. Аңды қақпап құрып та ұстайды. Құмай қосып, жүйрік атпен соғып та алады. Одан қалса, біратар берденке мылтығы бар. Дүйсекеңің атқан оғы, әй, бір жанылыс болмаса, жерге түсе қоймайды. Сол Дүйсеке бір жылы күзде, ел қыстауға қонған шамада бір қасқырды тірідей ұстап әкелді. Өбден өшіккен, кегі кеткен қасқыр болса керек. Өрістегі малға шауып, қорадағы талай қойды тамақтағаны өз алдына, Дүйсекеңің ауыл маңына арқандап қойған атын жарып кетіпті. Жазда жайлауға құр жіберіп, күзге қарай жаратып, аңға мінетін жүйрігі... Дүйсекеңің кеткенін, өшіккенін сонша, жемтікке қақпап құрып, әлгі Көкжалды қоймай жүріп ұстатты. Жәй соғып алғанға кегі қайтпайтын болған соң ауылға әкеліп, жұрттың көзіне терісін тірідей сыпырып алмақ.

Қасқырдың төрт аяғын буып, аузын тұмалдырықтап әкелген екен. Соның өзінде иіс алған ауыл иттері маңына жоламай жан-жаққа безіп кетті. Әрине, бұл ерігіп отырған ауыл адамдарына таптырмас ермек болды. Ауылдың бар баласы аңшының ауласында. Оспанның ес біліп қалған он жастағы кезі ғой. Дүйсекеңің әр қимылын бағып, қашан қасқырдың терісін іреп болғанша, мізбақпай қарап тұрғаны есінде. Сонда қатты таң қалғаны – аузы буулы, төрт аяғы керулі Көкжалдың терісін сыпырып болғанша ыңқ етіп, дыбыс шығармауы. Дүйсеке алдымен жыртқыштың төрт сирағын бұшпақтап, сонан соң бас терісін үреп, бітеу теріні мойнына таман шығарып алды да, кеуде тұсына қуйрығына қарай бір-ақ сыпырды. Құйрықты теріге жібергенде, жалаңаш денеле бір тұтам құймышағы ғана қалды... Тоба, қасқыр әлі тірі екен. Аяғын босатқанда орнынан ұшып тұрды. Басында өз денесін билей алмай тәлірректен бірз

жерге барды да, бірте-бірте ес жинап, әлден уақытта қыстаудың түбіндегі тоғайға қарай сенделектеп тұра жүргірі. Алғашқы қырбақ жауса да, әлі аяз түсе қоймаған күздің шуақты күндерінің бірі болатын. Артынан малшылар айтып жүрді, жалаңаш қасқыр ауылдан ұзап, бір-екі белді асып барып жығылса керек. Әлгі «Қасқыр қарызын терісімен өтейді» дегеннің бір мысалы осы болды.

Тұтқынға түскелі Оспан өзін сол Дүйсеке ағасы терісін тірідей сыпырған қасқырға ұқсаталды. Тергеушілердің айтуынша, мұның мойнында да көп адамның қан қарызы бар көрінеді ғой. Өзін еш қиналыссыз құрбандыққа шалса, батырдың алтын басы сол қарызын өтеуге татымай ма?!

Оспан түрмеде жатқанда да бес уақыт намазын үзген жоқ. Кейде дәрет алатын су болмай қалғанда дембі қағып, намазға жығылып жүр. Алла-тағала бағынышты құлын қаншалық қолдайтынын кім білсін, бұл әйтеуір жаратушыға жалбарынудан тағбай келеді. Оспанның камерасына тамақ әкеліп, дәрет сындыратын күбіні ауыстырып жүретін қартаңдау дүнген бар еді. Бес уақыт намаз оқытын тұтқынға өзінше жан тартып, кейінгі кезде дәрет алатын құман да кіргізіп жүрген-ді. Өзі етпен қазақша сөйлейді. Сол бүгін кешкі тамақ әкеліп, күйбеңдеп сәл бөгелді де, Оспанның қасына жақындап:

– Батыр, сізге ескертті ме? Ертен ашық сот болады, үкім орындалады, – делі күбірлей тіл қатып. – Бүгін иманыңызды айтып, қаза болған намазыңыз болса оқып алыңыз.

– Ашық сот қайда болады екен, білмедіңіз бе? – делі Оспан елең етіп.

– Айтпайды... Қала сыртында болса керек. Қорықпаңыз. Сіз нағыз шайытсіз ғой, иманыңыз көмілі! – делі дүнген есікке қарай беттеп бара жатып.

Иә, сонымен бұл күткен сәттің де жақындап қалғаны ғой. «Неңіз де болса тезі игі» дейді қазақ. Жақсылықты да, жамандықты да ұзақ сарылып күткеннен ғой, соның тезірек болғаны жақсы. Мұны Үрімжіге әкелгенде, наурыздың ортасы еді. Қазір сәуір айы аяқтап қалған жоқ па? Арадағы бір жарым ай, сұраққа жауап тауып, уәжден жеңілмей салғыласумен өтті. Бір есептен, бұл да бір біткен іс болды. Батыр тергеушілердің көмегімен өткен өмірін барлау жасап, бастан кешкен жайларды тағы бір рет сараптап шықты. Демек, қамауда өткен бұл уақытты да өмірдің аса қажетті бір бөлшегі деуге болады.

Оспан сол күні кеште әлсін-әлі дұға оқып, иман келтірумен болды. Тоғыз рақағат Жасих намазын асықпай, ұзақ оқып болған соң, қолын жайып дұға қылды.

– Уа, парвардигар! – деп жалбарынды жаратушыға. – Өзін жаратқан құлын едім ғой. Өмірдің соңғы сәтінде күш-қуат бер маған... Өзінен басқа жәрдем күтер кім қалды менде? Екі дүниеде өзін жар бол! Мұсылманға қылдай қиянат жасағам жоқ, жан баласын әдейілеп өз қолыммен өлтіргем жоқ. Ал, соғыста адам қаны көп төгелсе, оны қунаға жаза көрме, Алла-Тағала! Мен соғысқа да өз басымның игілігі үшін емес, дін үшін, қазақ деген сорлы халықтың болашағы үшін соғыстым ғой... Я, Алла, өзің мархаматыңнан құр қалдырма!

Қазір сәуір айының соңы, күн ұзарып қалған кез. Бірер сағат қана көз іліндірген Оспан таң намазын ерте оқыды. Ертенгілік шайды да бүгін күндегіден ерте әкеліпті. Сол шайды ішер-ішпестен, дәлізде дабыр-дұбыр молайып, топырлаған аяқ дыбысы жиілеп кетті. Жендеттер шығар дәу де болса. Шегірткедей шерік сені енді он қадам жерден көздейтін болады... Оспан алыс бір сапарға аттанатын кісіше, барқыт тебыті күсісі мен Баян тігіп берген шошақ төбелі керей тымғағын күні бұрын киіп алды.

Бұл соңғы сапарға іштей ұзақ дайындалғаны соншалық, қазір батырдың жүзінде қорқыныш, үрей дегеннің ізі де жоқ еді. Өздеріне түстерін суытып, қаруларын кезең, сатыр-сұтұр кіріп келген әскерлер тұтқынның жыммып күліп отыраған түрін көріп, «Осы біз басқа бір камераға кіріп кеткен жоқпыз ба» дегендей танданып тұрып қалды.

2011 ж. 1-25 наурыз.

(Соңы)

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ 21 ТРЛН. ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша отандастарымыздың БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарындағы зейнетақы активтері шамамен **21,2 трлн теңге** болды. 9 ай ішінде 3,3 трлн теңгеден аса мөлшерге (немесе 18,5%) өсті. Зейнетақы жинақтарының жылдық өсімі – **4 трлн теңге** (немесе 23%).

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 2024 жылдың 01 қазанына шамамен 20,4 трлн теңге болды, бір жылдағы өсім – 22,2%. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары – 628,6 млрд теңгеден асады, бір жылдағы өсім – 14,4%. Ең үлкен өсімді (44,8%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, оның көлемі – шамамен 7,1 млрд теңге.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024

жылдың 9 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен **170 млрд теңге** жетті.

Кіріс ағындары
Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2024 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналары 2 трлн теңгеден асты (өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 29,5% немесе 457,5 млрд теңгеге артық).

Жарналардың барлық түрлері оң сипатты көрсетті: МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.10.2024 жылға дейін 1,8 трлн жуықта (бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,1% артық) түсті, МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға 84,5 млрд асатөңге (өсім 19%), ЕЗЖ – 2,3 млрд теңге (өсім 41,9%) жиналды.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және

шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.10.2024 ж. шамамен **2,1 трлн теңге**. Бұл сома өткен жылмен салыстырғанда 716,3 млрд теңгеге (немесе 52,3%) артық.

Шығыс ағындар
2024 жылдың 9 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары **860 млрд теңге** жетті. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 454,3 млрд теңгеге немесе 112% көп.

375,1 млрд теңге - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен **147,3 млрд аса теңге**, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 35,1% жоғары.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер – **45,1 млрд теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **29,7**

млрд теңгеден астам, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – шамамен **2,3 млрд теңге**, жерлеуге төлемдер – **7,5 млрд асатөңге** көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына **252,9 млрд теңгеден** астам сома аударылды.

Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан берілетін орташа айлық төлем – **33 872 теңге**, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы – **945 752 теңге** болды.

ЖЗШ саны
2024 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – **16,8 млн** бірлік. Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 қазанына 12,4 млн асатын бірлікке тең. Оның ішінде: 11,1 млн - МЗЖ бойынша, 701,4 мың - МКЗЖ бойынша, 430,8 мың - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - шамамен **4,4 млн бірлік**.

КЕЛІМСЕККЕ КҮН ҚАРАП ТҰР..

Спортқа легионер тартудан мүйіз шықса біздік қарағандай болар еді. Неге дейсіз ғой, бұрынғы КСРО империясының ортақ қазанынан ас ішкен 15 одақтас елдердің соңы болып тәуелсіздігімізді жариялаған 1991 жылдан бері қарай бұл елдің спортына кімдер келіп, кімдер кетпеді...

Спорттың көсегесін көгертеді, өрге сүйрейді деп үміт артқандардың дені қазақ халқының намысынан гөрі, қарақан басының қамы үшін ат байлады. Өлі де солай. Өрине, спортқа легионер тарту, әсіресе футболға қате шешім деуге болмайды. Футбол – спорттағы сауданың басты көзін. Өрбір клуб, құрама өзінің қатарына сайыпқыран саңлақты қосу арқылы осы сауда алаңында өзінің несібесін молынан көсіп алуға ұмтылады. Өзге спорт түрлерінде ұлың да, қызың да ел абыройын арқалауға жарай алмаса ғана легионерге сауын айтқан абзал емес пе? Қазақтың қанымен сүйегіне сіңіп кеткен күрес өнерінде келімсекке де күніміз қарап келе жатқан жоқ па?

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫ – БОС ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ

Қазақ футболындағы легионерлер мәселесін ерінбеген жанның бәрі жазды, сынады, арасында ақтағандары да болды. Бірақ арасында легионерлердің қазақ футболына пайдасы тиді ме? Қай футболшыны түстеп-танып, еліміздің аяқ добының ауырталығын арқалады деп айта аласыз? Көпшілігі тіпті Қазақстан азаматтығын, яғни көк паспортымызды алып, есеңгей бойы ел ішінде қапсағай болғанша үрлеп төгіп, шайқап ішіп, жан бақты. Бұлай емей немене, біздің елде легионерлер бір шұлықты 70 мың теңгеге сатып алып киді ғой. Ұлттық құрама сапында да ойнады. Кейін қалтасын қампайтқан соң өз отанын қайта айналып тапты. Өзгені білмейміз, өзіміз отыз жылдың ішінде Қазақстанға келіп футбол ойнаған, нәпақа тапқан, жан баққан келімсек футболшылар кейін де осы елде қалып, балаларды футболға баулыды, болмаса футбол өрісіндегі түйткілді мәселелердің шешілуіне үлесін қосты дегенді естіген де, көрген де жоқпыз.

Өткенге оралсақ. 2019 жылдың қараша айында Қазақстан футбол федерациясының атқару комитеті отырыс өткізіп, ала бөтен шешім шығарған болатын. Ол кезде футбол федерациясының президенті деген қызмет Әділбек Жақсыбековтің қолында болатын. Жақсыбектің ұрпағы ел футболына жақсы істерін енгізсе қуанасың ғой. Керісінше, қазақ футболын өрістетеді деген жергілікті ойыншылардың тынысын тарылта түскен орашалақ шешім болды. Ол қандай шешім еді, оқырмандар есіне қайыра салуды және сөзбе-сөз келтіруді жөн санадық. «ҚФФ атқарушы комитетінің мүшелері Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше елдердің азаматтары болып табылатын футболшылар үшін «Қазақстан футболының түлге емес» мәртебесін жою туралы шешім қабылдады». Бұл дегенің – еліміздегі премьер-лига мен бірінші лигада ойнайтын клубтардың қатарына енетін футболшылар, яғни легионерлердің арасында «ала қойды бөле қырку» қарқынды жүргізілгенін айғақтай түседі. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан елдерінің футболшылары бізге келіп доп тепсе бұрынғыдай (анығы 2021 жылдың қарашасына дейін) легионер саналмайды. Отандық футболшы мен ЕАЭО-ға кіретін елдердің ойыншылары біздің жерде бірдей. Бұл жарғы бекітілгенге дейін де біздің елдің клубтарына, яғни премьер-лигада ойнайтын ұжымдардың құрамына шетелден 8 легионер тартуына, егер қалтасы көтеріп жатса қаржысын құйып, тоғызыншы келімсек ойыншыны ортаға қосуына рұқсат етілетін. Енді, міне, сол тоғыз футболшының қасына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден келген «өзімізді» тағы қосыңыз. Сонда төл футболшыларға клубтардан тиетін орын 6-7 ғана. Бұдан кейін қалай қазақ футболының көсегесі көгертеді деп нық сеніммен айта аласыз? Рас футбол табыстың қайнар бұлағы, ең байлықтың тұмасы. Өлемде футболшылардың қатарына тартып, үздік нәтижемен байлыққа


өмініп отырған клуб қожайындары жетеді. Ал бізге келетін легионерлер өзінің еліндегі екінші, үшінші сатыдағы көптің бірі саналатын футболшылар. Оларға Қазақстан футболы бос жұмыс орындарын ұйымдастырып ұсынатын жәрмеңке алаңы іспетті. Содан кейін біздің елде футболшыларға төлейтін жалақы өте жоғары. Әлем бойынша да, Еуропа елдерінің көрсеткішімен өлшегенде де Қазақстан футболшыларға, оның ішінде сырттан келетін келімсектерге қыруар қаржыны қиналмай бөктеріп береді. Ал өзіміздің төл перзенттеріміз, жергілікті футболшылардың дені солардың тасасында күн бетін көре алмай жүріп-ақ жұтылып кетеді.

Кезінде Бразилиядағы футбол академиясында үш жыл оқып келіп, еліміздің футбол клубтарында негізгі құрамға іліне алмай ақыры бапкерлікке, саудагерлікке, басқа да салаға ауысып кеткен таланттар өте көп. Тек Бразилия көргендер ғана емес, еліміздің әр қиырынан шыққан жас таланттарды табудың оңтайлы тәсілі осы легионер тарту болып отыр. Қазақстанға Ресейден келіп

теңге десек, соның жартысына жуығы футболшыға тиіп, қалған бөлігін агенттер мен клуб басшылары бөліске салады деген сөз де желдей ескен. Қалай болғанда да парламент қабырғасында көтерілген қазақ футболына, оның ішінде келімсектерге төлеп жатқан есіл қаржы елдің несібесінен ойып тұрып берілетіні мазаңды қашырады. Ел футболына легионер тарту мәселесін «жаңа Қазақстанда» жаңаша көзқараспен, жаңаша ойлау жүйесімен зерделейтін кез әлдеқашан жетті.

НАМЫС ЕМЕС, ҚАРАЖАТ ҮШІН КҮРЕС

Қазақ елінің еркін күрестен жазғы Олимпиада ойындары, жазғы Азия ойындары, Азия чемпионаты, әлем біріншілігі сынды додаларға апарған балуандарының тізіміне көз салсаңыз, легионерден жүзіңіз сынады. Тіпті осы бір жылдары Ұлттық құраманың негізгі балуандарын қапталдан келгендер қамтығанын да көргенбіз.



ойнаған легионерлердің ішінде «балтаның сабына жарағаны» тек Андрей Аршавин ғана шығар. Оның өзінде ол шаршау танытып, қайрат-күші сарқылып, өз елінде де, өзге елдерде де танымал клубтар таланттардың қатарынан сызып тастаған соң ғана алматылық «Қайратты» таңдады.

Біз жоғарыда тілге тиек еткен, осыдан үш жарым жыл бұрын қабылданған шешімнің ақырын күтейік, нәтижесін екі-үш жылдың бедерінде байқастаймыз деген мамандар қандай үж айта алады? Расында да Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің футболшылары біздің елде легионер саналмағаны қаншалықты нәтижесі болды? Тіпті қызды-қыздымен ресейлік клубтарға да біздің қарақөз балаларымыз өнер көрсетуіне молынан өріс ашылады деп алақайлағандар да табылды. Жоқ емес, бар, Ресей біріншілігіндегі клубтарда Бақтияр Зайнутдинов, Исламбек Қуат, Ақмал Бақтияров, Марат Быстров, Владислав Васильев, Дмитрий Шомко сынды футболшылар көрші елдің қазанында қайнады. Легионер тартудағы барыс-келісте де, алыс-берісте де ресейлік футболшылардың үлесі бізден әлдеқайда жоғары. 2020 жылы карантиндік шектеу келгенге дейін еліміздің клубтарында келімсектерге төлейтін қаржының есебі қисапсыз еді. Карантиндегі көгенделуде клуб басшылары қымбат жалақы үшін ғана алаңға шығатын футболшыларын омалтып ұстап отыра берудің пайдасы жоғын біліп, келімсінартты үзді, жан-жаққа жіберді, алып қалғандарының айлығын азайтты. Айлық демекші, футболшылардың жалақысына лимит қою мәселесі көтерілген тұста легионерлерге төленетін қаржыдан клуб басшылары мен менеджерлер де пайда көріп жүр деген дау қылақ берген. Бірақ жанбай жатып жалағын тез сендірді. Мәселен, Алексей Щеткиннің жалақысы айына 9 миллион

Олимпиаданың, әлем чемпионатының медалі үшін десек, легионер тартудың пайдасы бар. Ал ұзақ мерзімге, келешекке қызмет етуге келгенде ешқандай шарапатын көрмейміз мұның. Әйтпесе, 2008 жылы Бейжің жазғы Олимпиадасының финалында ресейлік балуанға есе жіберіп, күміс медаль алған, Таймураз Тигиев қайда жүр қазір? Қыруар жалақы алды, Олимпиаданың күміс медалін олжалағанына деп ел билігі 150 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы, пәтер сыйлады, басқа да жекелеген демеушілерден киген шешекпені мен мінген аты қаншама. Сол Тигиевті кезінде елге әкеліп, Ұлттық құрамаға телу үшін тіпті төбелеске дейін барды деген әңгіме бар. Тигиев те допинг дауына ілігіп, елден кетті. Ұлттық құрамаға енді сан түрлі жолмен келген Тигиевті өзіміздің балуан Дәулет Шабанбай бірнеше рет елішілік жарыстарда жеңді де. Сонда да келімсекке құлай берілгендер тұлыпқа мөңіреген сиырдай Таймуразға бүйрегі тартып тұрды. Жалпы әлем чемпионатынан жүлде олжалаған еркін күрес балуандарының арасында легионерлер өте көп. Солардың барлығы дерлік ресейліктер. Арасында авары да, шешені де, осетині де, лезгині де, якуты да бар. Өзегіңді өртейтіні – осы балуандардың дені Ресейде, яғни өз елінде жүріп, тек жарыс қарсаңында ғана Қазақстанның ауасын жұтып, суын ішіп, әлем чемпионаты, Олимпиада ойындары сынды жарыстарға бару үшін жолға жиналатын. Еліміздің құрамасындағы балуандармен бірлесіп оқу-жаттығу жиындарын өткізуге аса құлықты бола қойған жоқ, тіпті қажетсізбеді де. Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері, Азия чемпионы, әлем біріншілігінің жүлдегері Ақжүрек Танағаровтың күйнетіні де содан ғой. Қазақстандық балуандар маңдай тері, табанын жуып, барын салып, әзірлік өткізеді,

ел біріншілігінде, басқа да іріктеу додаларында оза шабады. Жеме-жемге келгенде бапкерлер құрамына легионерлер «күлшелі бала» болып көрінеді. Дәулет Шабанбай Лондон жазғы Олимпиадасына қатысқанда жасы отызға шыққан балуан еді. Спортта 30 жас дегеніңіз «зейнеткерлік кезең» саналады. Міне, біз ауыр салмақта сырттан легионер шақырып, нәтижеге өршелене ұмтылып, осындай қадамға бардық. Еркін күресте ұлттық құраманың мүшесі болған Мардид Муталимов, Таймураз Тигиев, Леонид Спиридонов, Елмәди Жабрайлығов, Магомед Куруглиев, Абиля Ибрагимов сынды келімсек балуандар күресті, нәпақасын тапты, елден кетті. Солардың кейбірінің тіпті қазақ спортына қосқан Олимпиада жүлдесі кейін допинг дауына ілігіп, нәтижесі жойылды.

Бүгінгі таңда қыздар күресіне келген келімсектердің ішінде еңбекті ақтап, елде қалған Гүзель Манорова ғана. Екі рет Олимпиада медалін олжалаған балуан қыз кейін Ұлттық құраманың бапкері қызметін де атқарды, күрес федерациясында да лауызымды қызметті арқалады.

Десе де айтып айтпай не керек, «өзіңнен тумай ұл болмас» қағидасын ұстануымыз керек. Өткенде Астана қаласында өткен грек-рим күресінен жарыста Азамат Дәулетбеков, Санжар Досжанов, Дархан Есенғали, Болат Сақаев сынды сайыпқырандар қалай күресті? Еркін күрестен еңсемізді еңкейтпейміз десек, осындай өзіміздің оғандарды баптайтын бапкерлердің біліктілігін көтеру керек, қажет деп тапсақ, шетелден шақырту керек, жанбағысқа келетіндерді емес, жанкешті еңбек ететіндерді. Мұндай тәжірибені дзюдо спортынан көріп отырмыз. Франциядан білікті бапкерлер келді, қазақтың қыз-жігіттері қандай нәтижеге қол жеткізіп жатыр, көңілің есіп, көзің тояды.

ТЕМІР КӨТЕРУДЕН ДЕ КЕЛІМСЕКТЕРГЕ ЗӘРҮМІЗ БЕ?

Ауыр атлетикадан да еліміздің жазғы Олимпиада ойындарында жеткен жетістігінің басым көпшілігін легионерлер олжалаған медалдар толтырған бір кезде. 2012 жылы өткен Лондон жазғы Олимпиадасында бізге келіп жерсінген атлеттердің тау көтергендегі көңіліміз қандай еді. Бөкрімізді аспанға ата қуандық. Қалың қытайдың арасынан таңдап жүріп ұлты дүнген Зұлфия Чиншанлоны, Майя Манезаны, Арли Чонтейді, Фархад Харкиді алып келіп жерсіндірдік. Өрине, олардың әлем чемпионаты мен жазғы Олимпиада ойындарында алған алтын медалі қазақ ауыр атлетикасының өлемдік аренадағы беделін нығайтуға салмақ болғаны анық. Бірақ 2012 жылы Лондон жазғы Олимпиадасында алтын алған Зулфия Чиншанлоның да, Майя Манезаның да, Ресейден келген Светлана Подобедованың да алтын медалін антидопинг агенттігі сыпырып алды. Өзбайжандық Ниджат Рахымов «өз елінен сайғақ күлтірі пана таппай» бізді қарла тұтып келді. Азаматтық бердік, бабын келтіре отырып, бәйгеге қостық. Рио жазғы Олимпиадасында алтын медаль алды. Бірақ кейін оның да қаны мен зәрі таза болмай шықты. Допинг дауы ауыр атлетті де айналып өткен жоқ. Жеткен биігі жарамсыз деп танылды. Біз шетелден легионер тартып, соларды баптап өсіруге құмармыз. Ал өзіміздің таланттар үнемі тасада қалады. Айдар Қазов деген қандай талантты бала есіп шығып еді қазақ ауыр атлетикасында. Біз айыл-бауын тартып, қуат қолын малайтуға ұмтылғанымыз жоқ. Керісінше, төккен терінің өтеуіне берілген баспанасын тартып алдық ғой. Қазов қайрат-күшін сарқа жұмсап, Азия чемпионатында алтын медаль иеленді. Солстүтік Қазақстан облысының бұрынғы әкімі Ерік Сұлтанов Айдардың елдің алдында абыройын аспандатып, екі бөлмелі пәтердің кілтін табыс еткен. Кейін спорттық жаттығу жиындарында жүргенде пәтерін әкімдіктерілер қайтарып алды.

P.S. Өз кіндігіңнен өрбіген өз ұланың қымбат па, жоқ әлде шеттен келетін келімсегің күшті ме? Өкініштісі, бұл елдің спортында келімсекке күн қарау өлі де күш алып тұр...

Мұхаммедшах КАЮП

КҮРЕ ЖОЛДА КІБІРТІКТЕМЕЙТІН КҮН ЖАҚЫН?..

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» тас-жолының жұтаң тартқан күйі көп жылдан бері көпшілікті алаңдатып келеді. Әсіресе, тарпаң жолмен жүткізген темір тұлпар тізгіндеушілердің қалы мүшкіл. Соған орай күре жолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында жол салу жобасы қолға алынғанына бірнеше жылдың жүзі болды. Алайда, халық тарапынан әлі күнге дейін жолдың сапасына қатысты сын-ескертпелер арагидік болса да айтылып қалып жүр.

Мемлекет басшысының тікелей бақылауымен тасжолға қатысты түйткілді түйіні 2022 жылдың басында ғана тарқатылғанды болды. Соның ішінде Сыр өңірі аумағына қарасты бөлігіне жөндеу жұмыстары қолға алынғаны белгілі. Бұл бірінші кезекте жол азабын тартып жүрген жолаушыларды қуантты.

Жалпы аталмыш жолдың Қызылорда облысына қарасты бөлігі ауқымды. Атап айтқанда, Сыр өңіріне тиесілі жергілікті маңызы бар 3418,5 шақырым жол болса, оның ішіндегі 1014,5 шақырымы республикалық маңызыға ие.

Негізінен Қызылорда облысы мен Жезқазған өңірінің арасы 430 шақырымға тең. Осы жол аралығының көп бөлігі күрделі жөндеуді қажет етеді.

Екі аралықта халық қоныстанған елді мекен жоқ, қонақ үй де салынбаған. Ұялы байланыс қызметі орнатылмаған. Көлігі бұзылып, далада қалған жолаушылардың күйі не болатынын осыдан-ақ бағамдай беруге болады. Халықтың жол сапасын сынға алып, дабыл қағуының басты себебі осы болатын.

Қазіргі таңда мамандар күре жолдың Сыр өңірі аумағындағы бөлігінде құрылыс жұмыстары талапқа сай жүргізіліп жатқанын алға тартады. Үш жылға жоспарланған бірегей жоба межелі уақытында сапалы жүргізіліп, күйі қашқан күре жол адам танымастай кейіпке енетініне сендіріп отыр.

– «Қызылорда-Жезқазған» жолына байланысты айтар болсам, жұмыстар 2022 жылы басталып, кестеге сәйкес жүргізілуде. Жол негізінен үш қабаттан тұрады. Нақты уақытта жолдың жоғары қабатының 145 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ал төменгі қабатының 130 шақырымы салынды. Соңғы кезең бойынша бүгінгі күнге дейін 40 шақырым жол аяқталып тұр. Жұмысшы күші мен техника жеткілікті. Жоба 2026 жылы толық аяқталады. Қажетті құрылыс заттары өзіміздің облысқа қарасты Жаңақорған ауданындағы

«Шалқия» кен орнынан жеткізіледі. Сондай-ақ, абадтан-дыру жұмыстарын жасаймыз. Оның ішінде, жол белгілерін қою, қоршаулар орнату жұмыстары жобаға енгізілген», - деп түсіндірді бұл жайында «Қазавтожол» Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары Ерсайын Музафар.

Жобаның жалпы құны 72,6 млрд теңгені құрайды екен. Құрылыс жұмыстарына 5 мердігер компания тартылған. Оның 4-еуі қытайлық болса, 1-еуі отандық компания болып табылады.

Ал халықтың талабына сәйкес, жол құрылысы сапасын тілге тиек еткенде, тапсырыс беруші мекеме тарапынан даурығатындай мәселе туындамағанын жеткізді.

– «Негізінен құрылыс басында мердігер мекеменің жол сапасын бақылайтын арнайы зертханасы жұмыс жасайды. Бұл тұрғыда «ЖОЛ активтерінің ұлттық сапа орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің



зертханасы тұрақты түрде тексеріп, бақылау жүргізеді. Халықтың талап қоюы заңдылық. Дей тұрғанмен, жол құрылысы әлі жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, пайдалануға берілген жоқ. Сондықтан құрылыс сапасына баға беруге әлі ерте деп ойлаймын», - деп түсіндірді Ерсайын Болатұлы.

Мәліметке сәйкес, әу бастан жоба шеңберінде Қызылорда облысы аумағынан жаңадан айналма жол салу, 204 шақырымдық жолды қайта жаңғырту жұмыстары жоспарланған. Сол сияқты 2 жол айырығы, үй жануарларына арналған жол өткелдер,

су арналарынан өтетін 3 көпір, 2 көпфункционалды аралық бақылау өлшейтін аркалары орнату, 5 заманауи жылы дәрехана, 6 демалыс алаңы, 56 су өткізгіш құбыр, 10 мал өткелдері және 117 жол қиылысу мен түйісулерін салу көзделген.

Қазіргі таңда халықтың көпжылғы арманына айналған Сыр өңірі мен Ұлытау арасын жалғайтын күре жолдың құрылысы кестеге сәйкес әлі жалғасып жатыр. Мамандар тиісті жұмыстар өз деңгейінде атқарылатынына сенім білдірді. Ең бастысы, жол сапалы салынып, халық үдесінен шығады деп үміттенеміз.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ

ТОҚТЫ.

Жаңа кезең басталғалы тұр. Өзгерістерге толы ай. Бұрын басталған істі аяғына дейін жеткізу керек, тіпті ұзақ уақытқа созылса да. Ең бастысы өзіңіздің бейнетіңіздің зейнетін көресіз. Бәрі де көңілдегідей түп-түзу болмауы мүмкін. Әрине қателіктер болмай қалмайды. Бірақ сабақ алуға жақсы. Өзгеріңіз келеді, несі бар?..

Тоқты әйелдер үшін өз қателіктеріне назар аударатын кезең. Бәрін дұрыс жасадым деп ойларсыз. Әдекалай бір құжатқа байланысты жүгіруге тура келеді. Демалыс жоққа тән. **Айдың орта жағында** бюрократиялық жүгіріс аяқталады. Маңызды істерге назар аударсыз. Сенімсіздік білдіруге себеп болып тұр. Бұдан да өтуге тура келеді.

Тоқты ерлер үшін сынақ кезеңі десе де болады. Жағымсыз жаңалықтар, арадағы кикілжіңдер. Ең бастысы табандылық таныту.

Айдың орта шенінде қателіктерді түзетуге мүмкіндік бар. Жұмысты, айналыны, тіпті өмірдің өзін өзгертуге қорықпаңыз. **Айдың соңғы жағында** жағымды жаңалық, көптен күткен табыс болады.

Қаржы мәселесінде айдың алғашқы жартысында белсенділікті азайта-



сыз, өз-өзіңізге құр қиялдап жүргендей көрінесіз. Жұлдыздар қосымша табыс табу мүмкіндігін жіберіп алмауға кеңес береді. Ақша артықтық етпейді. **Айдың орта шенінде** жағдай өзгереді. Әр кадамыңыз сәтті, әрбір кездесу қаржылық жаңа мүмкіндіктер ашады. Басшылық өзіңізді бағалап, қызметтен өсу мүмкіндігіңіз бар. Әсіресе өз ісін жанадан бастағандардың жолы ашық.

Қолайлы күндер: 7, 15, 16, 17, 21.
Қолайсыз күндер: 3, 4, 11, 25, 27.

ТОРПАК

Бұл айдың тосын сыйлары көп. Тек шешім қабылдауға асықпаңыз. Өзіңге нақты жоспар болмағандықтан кез-келген қадамыңыз сәтсіз болуы мүмкін. Өз ойыңызда, сізді дұрыс бағаламайды, немесе қолдағылары келмейді. Әрине көңілсіздікке жақсы себеп екені анық. Тосын жаңалық, немесе кездейсоқ кездесу бәрін де өзгертпейді. Бойыңызға қайрат-күш береді. Кәсіби байланыстарыңыз пәйдәлі, жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Ең бастысы барлығы да сізге қарсы тұрған күнде де берілмеу керек. Сәттілік иек астында.

Торпақ әйелдер үшін махаббат мәселесінде бәрі де ойдағыдай емес сияқты. Көптің ортасында жүргенімен өзін жалғыз сезінеді. Содан да көңіл-күйі түседі. Бірақ өз-өзін қолға алған дұрыс. Тіпті бәрі бітті дегеннің өзінде де күте тұру қажет. Бәлкім күтпеген бұрылыста тұрған боларсыз. Ең бастысы үрейге бой алдырмай жағдайды бақылау. Бәрін уақыт шешеді.

Торпақ ерлер үшін қызық кезең. Әрбір маңызды қадам жасаған кезде басқаша ойлауға тура келеді. Барлығын салқындандырып шешу керек. Айналыңыздан көмек күтпеңіз, есеңіне нағыз достар табысыз. **Айдың екінші жартысында** отбасында көп уақыт откізуге тура келеді. Сарыуайымға салынбас үшін мәдени іс-шараларға көңіл бөліңіз.

Қаржы мәселесінде бұл ай тұрақтылық кезеңі. Ақша табудан гөрі демалысқа бейімделген дұрыс. Ақшадан "алтын тау болмайтыны" сияқты шығын да болмайды. Қаржы салуда, инвестиция жасауда түйсігіңіз мықты болмаса, онда тыныш отырыңыз. Жұлдыздар жанадан қарызға кірме, ал ескі қарызыңнан құтыл деп кеңес береді.

Қолайлы күндер: 14, 15, 16, 17, 20.
Қолайсыз күндер: 3, 4, 10, 23, 25.

ЕГІЗДЕР

Сәтті кезең. Барлығының ойдағыдай болатыны соншалық өзіңіз де таңқаларсыз. Тіпті өте қиын деген міндеттердің өзі оңай атқарылады. Келергілерден қорықпайсыз. Ең бастысы алғашқыда қиын көрінгенімен үрейленбеңіз, кері шегінбеңіз. **Айдың орта шенінде** дау-дамай болуы мүмкін. Бірақ шешендік қабілетіңізбен қажетті сөздерді айта білесіз. **Айдың соңғы жағында** сәттілік тағы да сіз жағында. Егер де жақын адамдарыңыз қолдап, олардың айтқанына мән берсеңіз, ара-қатынастарыңыз бұрынғыдан да берік, жылы болады. **Бұл белгідегі әйелдер** үшін сезімге толы ай. Жеке өміріңіз алға шығады, әрі бәрі ойдағыдай емес. Күтпеген ақпарат пайда болады. Не істеу керек? Кейбіреулер сезім мәселесінде қиындыққа тап болады. Ашуға бой алдырмай, айналадағы жұрттың айтқанына құлақ асыңыз.

Бұл белгідегі ерлердің де іші пәспайды. Концерте қатысуыңыз, немесе басқа бір іс-шарада өз талантыңызды көрсетуіңіз мүмкін. Әрине, тәуекел етіп өзіңізді көрсетуге тура келеді. Егер де бұрыннан жаңа бір нәрсеге құмартып жүрсеңіз қызмет аясын өзгертуге болады. Әсіресе іс-шараларды ұйымдастыруға, немесе қарым-қатынастар жасауға байланысты салада қызмет ететін болсаңыз сәттілік серпіңіз. **Айдың орта шенінде** өзіңізден адамдар алшақтап бара жатқандай сезіледі. Осы кездері өзіңіз көптен бері ұмытып кеткен, өткен шақтың бір адамы өміріңізде пайда болады. Оның көмегінен бас тартпаңыз.

Қаржы мәселесінде өте сәтті кезең. Күтпеген тұстан ақша келеді. Болашағыңызды сенімді жоспарлай аласыз. Ақша жинақтауға, қаржы салуға қолайлы кезең. Жұлдыздар жаңа жобаларға назар аударуға кеңес береді. Ойламаған жерден ақша жұмсаудан аулақ жүріңіз. Бұл кезең әбден ойланған шешімдердің уақыты. Бәлкім серіктестік арқылы қаржылық табыс болады. Түйсігіңізді тыңдаңыз: капиталды көбейту үшін тиімді жолды табуға көмектесуі мүмкін. Өз-өзіңізге сенімді болып, алға нық қадам жасаңыз – қаржы жағынан қорғалғансыз, молшылық мол.

ШАҢН

Қараша – мүмкіндіктер айы. Бірақ барлық батыл-дығыңызды жұдырыққа жұмыңыз. Егер бұған дейін өз күшіңізге сенімсіз болсаңыз қорқыныштан бой алдырып, алға қадам басыңыз. Көшбасшылық қабілетіңіз максатқа жетуге, бедел жинауға, сондай-ақ қызмет баспалдағынан өтуге мүмкіндік береді. **Айдың орта шенінде** көп ортасында болғыңыз, жаңа адамдармен танысыңыз келеді. Абай болыңыз: барлық білгеніңіз шындық болмауы мүмкін. Сондай-ақ бос әңгімеге де көп уақыт кетеді. **Айдың соңғы жағында** жақын адамдарыңызға назар аударыңыз. **Шаян белгісіндегі әйелдер** үшін қарама-қайшылықтар бар.

Басқалар үшін бір ай кететін істі бір сәтте бітіруіңіз мүмкін, енді бір кезде үйден шыға алмай қалуыңыз да ғажап емес. Уайымдамаңыз. Негізі табыс пен сәтсіздіктер алмасып тұрады. **Айдың бас жағында** қобалжымаңыз.

Бұл белгідегі ерлер үшін сәтті кезең. Бұған дейін қол бармаған іске уақыт та табылады, күш те жетеді, аяқтап тастайсыз. Жаңа мүмкіндіктер, байланыстар пайда болады. Құлағыңызды түріп жүріңіз. Сыртқындан жамандық ойлайтындар жоқ емес. Содан да сенім білдіргенде адамдарға абай болыңыз.

Әйелдер үшін төмен қарай құлау да, жоғары қарай секіру де бар. Жеке өміріңіз құйын сияқты, қалай болары өзіңізге байланысты. Серіктестер күзгі жапырақ сияқты өзгереді. Егер де тұрмыс құрмаған болсаңыз қазір ештеңе бастамаған дұрыс. **Бұл белгідегі ерлер үшін ақша** деген бұл айда проблема емес. Бұл бір реттік ақша ағыны да емес. Керемет идеялар келген сайын бірден іске асыруға тырысыңыз. Талантыңыз да ашылады. Өз қабілетіңізді әлемге әйгілеуден қорықпаңыз. Дегенмен дау-дамайдан қаша жүріңіз, басқалардың ақылынан гөрі өз түйсігіңізді тыңдаңыз. Барлық маңызды қаржылық істерді **айдың екінші жартысында** қалдырсаңыз дұрыс шешім қабылдайсыз.

Қолайлы күндер: 8, 14, 15, 16, 17.

ететін жұмыс хабары шығады. Істің маңыздылығын ұмытпаңыз. Басшылықтан сөгіс алып қаласыз.

Бұл белгідегі әйелдер үшін айнала көк тұман сияқты, өзі де өз орнында еместей көрінеді. Бұл уақытта. Өз-өзіңізге шамалы уақытқа демалыс жарияласаныз, мұның бәрі келенсіз сезімдерден, шаршағаннан болғанын түсінесіз. Бәлкім қысқа мерзімді іссапар ұсынысы болады, бас тартпаңыз. Бұл жағдайды өзгертуге, жаңа адамдармен танысуға қолайлы сәт. Отбасы мүшелерінің пікіріне мән берген дұрыс.

Бұл белгідегі ер адамдар айдың екінші жартысында оқиға ойламаған тұстан маңызды шешім қабылдауға мәжбүр етеді. Үрейленбеңіз, нәтижесінде өзіңіз армандап та көрмеген жетістікке жетесіз. Ең маңыздысы өзіңіз туралы өзгерістер не ойлайтынына бас ауыртпаңыз. Өзіңіздің ерекшелігіңіз – өзіңіздің табыс кілтіңіз. Жаңа ұсыныстар болса сақтықпен қараңыз. Келісім беруге асықпаңыз. Әлемі сөздің құрығына түсіп қалмаңыз.

Бұл айда қаржы мәселесінде Таразылар үшін ақша алақана құйылып тұр. Әрине сенімділік өз-өзінен келмейді. Ең дұрысы шығысы есептей білу керек. Өмір өз өзгерістерін енгізіп отырады. Ақша ағыны тұрақты, ірі шығын жоқ, алайда қорексіздіктен зат сатып алу әмияныңызды жұқартуы мүмкін. Әдемі уәделерге

әйтпесе ақша қалтаңыз босап қалады.

Қолайлы күндер: 8, 15, 16, 17, 18.
Қолайсыз күндер: 2, 3, 4, 25, 26.

ТАУЕШКІ

Мүмкіндіктер өте көп. Алайда өз-өзіңізді құрбан етуге дайын тұратындығыңыз келдергі етуі мүмкін. Бұл айда басқаларға көмек беріп, өз-өзіңізді ұмытып кетуге бейімсіз. Бекер! Қараша өз өміріңізді жақсыға қарай, әсіресе материалдық жағдайыңызды өзгертуге таптырмаз кезең. Әрине жақын адамыңызға қолдау көрсеткен, көмектескен жақсы. Алайда өзіңізді жаңа деңгейге көтеретін ұсыныстан бас тартпаңыз. Егер де жұрттың бәрине жағынамын десеніз, "батпақтар" шыға алмайсыз. Жұлдыздар өзіңіздің арманыңызды, мақсатыңызды алдыңғы орынға қоюға кеңес береді. Демалыс? Ұмытыңыз. Қазір әрекет етудің уақыты.

Бұл белгідегі әйелдер үшін жаңа таныстықтар өте көп. Содан да қызық шығаруға шықсаңыз да әдеміленіңіз. Абай болыңыз. Жаңа таныстарыңыз өзіңізден мықты болуы мүмкін. Өз өміріңіз туралы ашылып айта бермеңіз.

Адамдармен араласқаны, адам жатырқамайтын қасиетіңіздің пайдасы шаш етекпен. Мәселен ескі проблемаларды, дау-дамайларды шешіп аласыз. Алайда есіңізде болсын қайырымдылық дегеніміз бұл басқа-

ҚАРАШАДА ҚАРАП ҚАЛМА...



Қолайсыз күндер: 3, 5, 23, 25, 27.

АРЫСТАН

Жан тыныштығың іздейсіз. Өз үйіңіз – өз қорғаныңыз. **Айдың алғашқы жартысы** отбасына арналады. Алайда **айдың екінші жартысында** қызметке байланысты күтпеген міндеттер пайда болады. Тез нәтижеге жетем деменіз. Шыдамдылық пен ұстамдылық – мықты одақтасыңыз. **Бұл белгідегі әйелдер** үшін шайқасқа шыққаннан гөрі демалған дұрыс. Өз күшіңізді асыра бағалап, көп нәрсе жасағанмен нәтиже болмайды. Өз-өзіңізге демалыс беріп, **айдың екінші жартысында** күннің. Сол кезде жоспар да дайын болады, оны жүзеге асыратын күш те бітеді.

Бұл белгідегі ерлер де бәрін ертеңге қалдырып, өз-өзіне демалыс жариялағысы келеді. Жақын адамдардың сенімімен ойнауға болмайды. Әрине көңіл көтерген, араласқан жақсы-ақ, бірақ ақыр соңы ұмытпаңыз. **Айдың екінші жартысында** ерлер қайта қызметіне оралады. Бәлкім ескі жобаларды қайта жанарту керек шығар, немесе жаңадан жағалығуы керек болар.

Қараша Арыстандар үшін даралық қасиетін, **әсіресе ақша мәселесінде** дәлелдейтін кезең. Басқалардың көмегіне сүйенбей, бюджетті жоспарлауға үйрену керек. Жемісті ай. Ақшаны жаңа табыс көзін тауып, өз ақшаныңызды бақылауға ұстауға үйренесіз. Ақша жинаңыз, өз-өзіңізге сенімділігіңіз күшейеді.

Қолайлы күндер: 7, 8, 15, 16, 17.
Қолайсыз күндер: 3, 4, 9, 25, 27.

БИКЕШ

Өз-өзіне деген сенімділікті нығайтуға тура келеді. Жаңа идеялар көп. Жұмыстың да нәтижесі бар. Екінші жағынан бюрократиялық қиындықтар да жеткілікті. Бәрін тастап безін кеткің келеді. Алға қарай ұмтылуға күдік пен күмән келдергі етпесін. Өз-өзіңізге сене білсеңіз барлық қиындықты жеңуге күш жетеді. Жұмыста да, жеке өмірде де абай болған жөн. Кейбіреулер арам ойын жүргізіп жатқан сияқты. Кей реттерде сіздікі дұрыс, бірақ бәрі соншалықты алдамшы емес. **Айдың соңғы жағында** тосын сыйларға дайын болыңыз.

Бұл белгідегі әйелдер үшін қараша айы спортмендердің үлкен жарыс алдындағы дайындығы сияқты. Идея бар, жоспар дайын, бірақ батылдық жетпейді. Нәтижесінде ығы күдіктеніп, күмәндана беру жұмыста үлкен қателіктерге әкеледі. Тым күдікшіл, қызғаншақ бола берсеңіз, абыройдан да айырыласыз. Жұлдыздар қорықпай әрекет етіңіз деп кеңес береді. Тіпті идеяларыңызды ешкім қолдамаған күнде де алға ұмтылып, өзіңіздің дұрыстығыңызды дәлелдеп, қабырғаларды құлата аласыз.

Айдың орта шенінде әйел адамдар салқындап қалудан сақ болғандары дұрыс. Суық тию және беймаздық мазаны алады. Содан да денсаулықты қуту қажет.

Бұл белгідегі ерлер үшін тұрақтылықтың, табысқа жетудің айы. Дегенмен келергілер де бар. Ұзаққа созылған бір жұмыстарды тез аяқтау мүмкіндігі бар. Сондай-ақ жанадан басталған іске де күтпеген келергілер жоқ емес. Бұл белгі: не себепті бұлай болып жатқанын талдап, анықтап алу үшін бір сәт дем алыңыз. Бәлкім, бәрін өзгертетін маңызды тетікті жіберіп алған боларсыз. Шайқасқа шықса бұрын қадамдарыңызды әбден ойлаңыз. Ең бастысы үрейге бой алдырмаңыз, түйсігіңіз жоқ көрсетеді.

Ақша мәселесінде бұл айда бастама көтере білген Бикештер ғана табысты болады. Табысты жаңа көзі немесе жаалақыны көбеюі мүмкін. Күтпеген ақша шығыны болуы мүмкін. Уайымдамаңыз, қалпына келеді. Кейбіреулер хоббиін бизнеске, немесе кәсіпке айналырғысы келеді. Дұрыс қадам. Лотереядан ұтыс шықса, немесе ескіні жақсы бағада сатсаңыз таңқалмаңыз. Жұлдыздар бос уәдеге сенбеуге, қарыз алмауға кеңес береді.

Қолайлы күндер: 7, 15, 17, 18, 20.
Қолайсыз күндер: 3, 5, 11, 23, 27.

ТАРАЗЫ

Бұрынғы өткен қателіктер үшін өз-өзің айыптауға болмайды. Өзіңді көзқарасыңнан жаңылмаған дұрыс. Өткенмен өмір сүруді доғару керек. Бұл айда өз өміріңізге қорытынды жасайтын сәт. Демалыс болғаны жөн. **Айдың ортасында** бар күш-жігерді қажет

сенбеңіз. Адамға сенгіштігіңізді пайдаланып, алдап кеткісі келетіндер аз емес. Сақтық пен түйсік - осы айдағы ең жақсы достар.

Қолайлы күндер: 14, 15, 16, 17, 20.
Қолайсыз күндер: 3, 4, 10, 23, 25.

САРЫШАЯН

Ұсақ-түйеке шаруа жетіп-артылады, әр кадам сайын. Бірақ оларға алаңдап өз-өзіңізді шаршатып алмаңыз. Көңілсіздіктен құтылу үшін өз-өзіңізге қараңыз. Жұлдыздар бұл айда күш жұмсап, ұлы ерліктер жасағаннан гөрі өмірден рахат табуды, лозат алуды ұсынады. Сондай-ақ денсаулықты да ұмытпаңыз. Жұмыстағы ауыртпалық, көңілсіздік иммунитетіңізді әлсіретеді. Содан да иммунитетті көтеруге тырысыңыз. Қарашадағы негізгі жоспарыңыз - өзіңізге қамқорлық және көңіл көтеру.

Бұл белгідегі әйелдер үшін өз-өзің нығайтатын кезең. Әсемдік салоны, сауна, массаж – жан рахаты. Сіз жұмыстың аты емессіз. Бір мезгіл өз жағдайыңызды жасағаныңыз дұрыс. Демалған кезде жұмысты ұмытыңыз. **Айдың соңында** өзгерістер баршылық, дайын болыңыз, қорықпаңыз. Алғашқыда біртүрлі көрінгенмен бұл өзгерістер пайдалы.

Бұл белгідегі ерлер үшін тәуекел етуге тура келеді. Бәрі де өзіңізге байланысты. Батыл қадам жасай аласыз ба? Кәдімгі "тәуекел етпеген ішп-жемейді". Барлығын 100 пайыз жоспарлап қою мүмкін емес. Өзіңіздің батылдығыңызға, түйсігіңізге иек артыңыз.

Айдың екінші жартысында бәрін бақылауға аламын деу бекершілік. Болатын нәрсе болмай қоймайды.

Қаржы мәселесінде өзгерістер бар. Әсіресе өзгерістерге дайын, оны қабылдай алатындар үшін жақсы жаңалықтар жеткілікті. Қаржылық жағдай бұрынғыдай емес. Көшіп-қону, жаңа баспана, немесе некеге тұрудың өзі де біршама қаржыны қажет етеді. Алайда жұмыстан қатты шаршасаңыз, өзіңіздің демалысыңызға қаржы салудан аянбаңыз. Өйткені өз жағдайыңызды жақсартасыз. Ең бастысы қаржыны үнемдеп бақылаумен қатар өмір рахатын сезінуді де үйлестіре біліңіз.

Қолайлы күндер: 7, 15, 16, 17, 21.
Қолайсыз күндер: 3, 4, 11, 25, 27.

МЕРГЕН

Жұмыс, шаруа шашетектен. Тіпті бір сәт демалуға мүмкіндік жоқ. Жанталас. Алайда жалғыз емессіз. Туыскандарыңыз, достарыңыз бәріннің игілігі үшін жанталасып жүргеніңізді түсініп, көмекке келеді. Шаруаға көміліп жүргеніңізді олардың қолдауы өзіңіз үшін құтқару шеңбері. Бәлкім іссапар, саяхатқа шығып жаңа мүмкіндіктерді көріп, алдағы уақытта өрісіңіздің кенеюіне қолдау болады. Қаржылық жобалармен жұмыс істеуге өте қолайлы уақыт. Табысты көбейтуге жоспар жасап жүрсеңіз, алға. Жұлдыздар міндеттерді басқалармен де бөлісіп, реттей біліңіз деп кеңес береді.

Бұл белгідегі әйелдерге қанат бітіп, ұшып жүргендей. Күш те, қуат та жеткілікті. Жұлдыздар осы сәтті барыныша пайдаланып қалуға кеңес береді. Ең қиын деген міндеттерді атқаруды да қолға алыңыз. Бәрі онымен келеді. Оның үстіне **Айдың ортасындағы** тірлігіңіз де жемісті болады. Алайда сезімдеріңізге, ашуға абай болыңыз.

Бұл белгідегі ерлердің ұраны "ақшамен айналысу керек". Неғұрлым проблемаларды тез шешесіз, соғұрлым жол ашылады. Қаржы мәселесінде қаншалықты табысты болатыны өз-өзіңізге байланысты. **Айдың екінші жартысында** көптен бері араласпай кеткен ескі достарыңыз, таныстарыңыз пайда болады. Абай болыңыз. Олар текке келген жоқ. Дегенмен олардың ұсыныстарын да кері қайтармаңыз. Отбасына назар аударыңыз. Олар әдеттегіге қарағанда сізге мұқтаж.

Қаржы мәселесінде барлық қарыздарды жауып, жеңілдеп қаласыз. Туыскандардың қаржылық көмегі, немесе күтпеген тұстан қолдаушының табылуы – тосын сый. Пайдаланыңыз. **Айдың екінші жартысында** іскерлік әлемінде мүмкіндіктер бар. Босануға болмайды. Жақсы жұмыс тауып қана қоймайсыз, өзіңіздің әлеуметтік мәртебеніңізді де көтересіз, сондай-ақ есепшоттағы балансыңыз да көбейеді. Ең бастысы өз-өзіңізге бекем болып, болмашыға қаржы құртпаңыз,

лардың өмірге деген өкпе-ренішін тыңдай беру емес.

Бұл белгідегі ерлер үшін аз сөйлеп, көп тыңдайтын уақыт. Айналыңыздағы адамдар ашық-жарқын. Содан да маңызды ақпараттар ала аласыз. Бастысы жаңа ақпараттармен қаруланып, шайқасқа бірден ұмтылмаңыз, алдымен бәрін таразылап алыңыз. Асығыстық соңы үлкен қателіктерге әкеледі.

Қызмет бағытында өзгерістер болуы мүмкін.

Қаржы мәселесінде Тауешкілердің ісі оңға басуда. Бұған дейін тоқтап тұрған, кері тартып тұрған мәселелер онынан оңай шешіледі. Ең бастысы сәттілікті жіберіп алмай, өз түйсігіңізге сену. Бұған дейін ақша қолдан суып түсіп кете берсе, енді жағдай өзгереді. Көптен бері армандап жүрген затыңызды сатып алуға мүмкіндік бар. Бәлкім күтпеген тұстан өзге біреу көмекке келер. Сақтық керек: бәрін бірден жұмсап қоймаңыз. Жанадан сатып алғаныңыз қуанышы тез басылады, ал қарыз қалып қояды. Өз шығындарыңызды бақылауға алып, кірісті көбейтудің жолдарын ізденіңіз, сонда қаржы мәселесінде жаңа деңгейге шығасыз.

Қолайлы күндер: 1, 15, 16, 17, 30.
Қолайсыз күндер: 10, 11, 22, 23, 24.

СУҚҰЙҒЫШ

Қанша дегенмен күз көңілді жабырқатады. Жұлдыздар біршама уақыттан бері кейінге қалдырып келе жатқан іспен айналысуға кеңес береді. Үйді жөндеңіз, жұмыс процесін реттесіз, жақын адамдармен қарым-қатынасқа назар аударыңыз, бәрін бастан аяқ төңкеріп тастаудың қажеті жоқ. Алайда кішкене бір өзгерістің өзі өмірге жаңа леп береді. Есіңізде болсын мыды да жанарту керек. Әсіресе күзгі серуен ойды тазарталды.

Бұл белгідегі әйелдер өз-өздеріне шамалы болса да өзгеріс енгізбесе көңіл құлазиды. Көңіл құлазы-татынның бәрін дақтырып тастау керек. Ескі жиһаз, керек емес заттар, тіпті кейбір мазаң адамдар бәрі де көңілді кейінге қалдырады. Алдымен өз өміріңізді реттеп алыңыз. Содан кейін өзгеге көмектескен дұрыс. Артық нәрсеңіз бәріннен арылғаннан кейін қаншалықты жеңілдеп қалғаныңызды және өзіңіздің тәжірибеге, байланысқа, біліміңізге бай екеніңізді білесіз.

Бұл белгідегі ерлер үшін дау-дамайдан аулақ болу керек. Жағдай ұшығып бара жатса аралықты ұстаған жөн. Мәселен бүгін керемет жақсы көрінгенмен ертеңіне апат сияқты сезіледі. Жақын адамдармен айқайласудың қажеті жоқ. Бәлкім айтқаныңызға артынан өкінерсіз. Оның үстіне кейін ретке келтіру мүмкіндігі де болмайды. Келісімге келу қолың ізденіңіз. Ешкім де өз дегеніңнен толықтай бас тартпайды. Алайда кейбір тұстарда кейін шегінген де дұрыс.

Қаржы мәселесінде жағдай түзеледі. Күтпеген тұстан ақша келеді. Қуанауға асықпаңыз, шығыс та өседі. Тұрақтылыққа үйренгендер үнемдей білгені дұрыс. Ал енді ақшасы таусылып, қамығып тұрғандар үшін күтпеген